



Қожахмет БАЙМАХАНОВ,
қоғам қайраткері:

**ЖАҢА БУЫННАН
ЖАҢАЛЫҚ КҮТЕМІН**

4

АҚМЕШІТ жастары

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.



№ 40 (421)
7 қазан, 2021 жыл

ҚАРТТАРЫМ ҚАЗЫНАМ

БЕЛЕС

АЛТЫН ҚОЛДЫ АНА

Ержан ҚОЖАС

Бақыт апа десе біздің елдегілер еліп ете қалады. Әсіресе, әйелдер қауымы. Жо-жоқ қазіргі жас келіндер бұдан бейхабар болуы мүмкін. Біздің айтып отырғанымыз 50-ден асып, 70 дейін жасты алқымадаған аналар. Олардың Бақыт апа десе...

Қазалының Бекарыстан би ауылында 500-ге жетебайыл түгін бар. Осындағы халықтың баптың ауырлық, басы сыздамайды дейсіз бе? Денсаулықта кінәрат әрдайым болып тұрады. Ал әйелдерде... Ана болу бақытын кім аңсама? Біз әңгімелегі отырған кейіпкер солардың жәрдемшісі еді. Дұрысы, ауыл-аймаққа белгілі ақушерка ана жайлы айтамыз.

Мен білерде елдегі шешемнің Бақыт апаға құрметі белек-туғын. Әлі де содан айнымаған. Өйткені ақушерлік қызметте ол кісінің шәкірті болыпты. Бақыт апа жайлы сұрай қалсаңыз...

— 40 жылғы қызмет жолымда нағыз ұстаза балайтын адаммыз осы кісі, — дейтін мейіріне. — 1981 жылы мамыр айында Бекарыстан би ауылындағы аурухана перзентханасына жұмысқа түрдім. Ол кезде Карл Маркс совхозы деп аталды. Оқуды енді бітірген 20 жастағы қызда не таңырқаболсаңыз? Бақыт апа ол кезде перзентхана меңгерушісі екен. Міне, алғаш бағыт беріп, баланы өмірге әкелу жағдайында кінәлген келіншектерді босандыруда ақыл-кеңесін іс жүзінде көрсеткен жетекшісі де апа болатын. Шыны сол, жұмыс барысында қаталдық танытып, кейде кезекшілікте жалғыз өзімді тастап кететін еді. Сондағысы «өз бетінше үйреніп, туу процесінде қорқынышын жеңе білсін, үйренсін» дейді екен ғой. Оны да кеш түсіндім...

Талай ұл мен қызға күндіз шеше болған біздің анамыз әлі де бүл жұмысын шеткері қалмады. «Шешен Үлдітай мына біздің ұлдың күндіз шешесі еді, сәлем айта бар» дейтін аналарды өзім де жиі көздестіремін. Жамғамсыз, осы кезде құлаққа түрпеді тиетін жайттардың бірі — медицина қаншалықты дамыса да аяғы ауыр әйелдердің пезде несар тілгіне түсіп босауы. Одан қалды, «ауылда босандыру мүмкіндігі болмағандықтан ауданға алып кеті» дегенді жиі естиміз. Себебін сұрай қалсаңыз, тым көп. «Бала теріс келді», «кәріпкен келді», «кәріпкен келді», «кәріпкен келді» деп мын сытатын шұбырғаты. Екі қыны, босанғалы тұрған әйелге сол сәттегі болып жатқан күйректің бәрі бетке айтатындар бар. Шыны көрсе, жүкті әйелмен сөйлесу әрбір қалық қалуда. Ауылдағы батыр ананың бірі Үрімша осындай пікір айтты қалды.

— Осындайда ойыма Бақыт апа оралады. Біз босанған кезде де осы жайттар жиі болды ғой, бар оқ өзімізге қолдаушы, қорғаушы, демеуші сияқты көрінетін. Қаншама ауыл әйелдерінің іште жатқан сәбін көркем мінезімен, аялы алақанымен, мәдениетті, сабырлы қарым-қатынасымен жеңіп босандырып алатын.



Біз перзентханаға сенімді баратынымыз, өйткені, әйелді қырағы қадағалап, сауатты бағыт беріп, үнемі бақылауда ұстайтын Бақыт апа бар.

Апа «босанамын» деп келген екікәбат әйелді ешқашан ауданға сандалпайтын. Босанар шақта әйелдің қорқып-мәзесызданып тұруы шартты құбылыс ғой, сол сәтте баланың аяқпен келген, құйрықпен келген, кіндігіне оралған сәттерінде ешкімді шошынтып, биязы даусымен, салмақты отырып, «қазір оңалады, тек жақсы ойландар, бәрі жақсы болады...» деген демеу сөзі сәбін күткен әрбір ананы қуаттандыратын. Іштегі сәбидің сыртқа шығарға дейінгі жай-күйін анық біліп отыратын. Оның қолы қадімгі құлып ашар кілт секілді пезде оңай әрі жеңіл босандырып алушы еді, — деп ақтарыла естелік айтты Үрімша Бахи.

Ауылдағы егде жастағы аналардың бәрі Бақыт апаны мақтайды. Ішіндегі ең өтімді сөзі «апамның қолы жеңіл». Бағасын осылай-ақ көсіп айтады. Ал ақушер апа кіндігін кескен ұл-қыздың көбі түгінде отбасы құрып, бала сүйіп отырғандар.

— Айбек есімді ұлды босанарда қатты қиналдым. Теріс келді ме, білмеймін, сол кезде ролдомдағылар шарасыз күйді қалғаны бар. Сол кезгі ақушер Құралайдың «тез Бақыт апамға хабар беріңдер» дегенін ғана естідім. Сәттен соң апамның «Кай Жақайым ол, шығай жатқан, айтыңдаршы маған, қай Жақайым өзі» (Жақайым жергілікті руы) деп өзіндей айқайлаған дауысы естілгені. Бағанадан бері ақ тер, көк тер болған менің өзім одан қуат алдым. Ол кісінің дауысы естілісмен де бала да шар етіп дүниеге келді. Ниеті тұзу адам келсе, толғақ та оң болады деген ырым да бар емес пе? Сондай да қызық болып еді, — дейді мектеп мұғалімі Құлмараш Қаманова.

Қазір 85 жасты толтырған ақушерка апа осылайша ауылда тапқырлық қызмет

етті. 1959 жылдан бастап, 1989 жылы зейнетке шыққанша талай шаңырақтың ішін сәбидің шат күлісін толтыруға себі тиді. Ауылдағы ағайына адал көңілімен ұнамды болды. Сала бойынша «Медицина ісінің үздігі» төсбелісін де алды.

— 30 жыл осы елдің келіншектерін жылы сөзбен жанына жалау болып, аман-есен баласы бауырына басып, үйіне қайтаруға күш салдым. Зейнетке шыққан соң да толғақтардың қасында жүрдік. Жұрттың сол батасы ғой, осы күнге дейін сол балалар «апапап» құрақ ұшып тұрады. Ең алғаш босандырып алған ұлдың өзі алыстан асып кетті. Ол кім десең, мына мектептегі өз ағайын Дәуылбай Қапаров. Айналайын десеңші, ұмытпасам қыркүйек айы болуы керек, күн дауылдапты, адам бір-бірін көрмейтіндей топырақ суырып тұрған уақытта туды ғой. Әке-шешесі соған орай Дәуылбай деп ат берген. Ол заманда жалғыз біздің ауыл емес, көрші Түктібаев, Майдакөл, мына Жаңақұрылыс пен Қызылқар, Шемішкөлдің де әйелдері онда босанды. Кіндігін кескен ұл-қыздың саны да содан көп шығар. Үш мыңнан астам сондай бала-шағам бар, — деп күле еске алды өткен шағын ақушер қария.

Ел ішіне ерен еңбегімен іс қалдырған, сонымен құрметті, сонымен жақсы адам атанған Бәкіт Елмуратова жайлы жұрт осылай айтады. Бүгінде үлгілі әулетінің ақ самалығы әжесі болып отыр. Өзі дүниеге әкелдірді, кіндігін кескен сәбилері үлкен азамат болған, апаның қолы алып, мереке күндері құттықтап, марқайтып кетеді. Қарттық шағында ақ тілеулері орындалып, жан-жағы аман болып, ұрпағымен мың жасаған қимеңшекті қары өмірінен аз ғана мағлұмат еді бүл. Оның алтын қолы мен көркем мінезін сезінген ауыл тұрғындары Бақыт апа десе, әлі де құрақ ұшады.



МҰҒАЛІМ МЕРЕЙ

Ұстаздар мерекесі қарсаңында Қазалы ауданынан аққолтай хабар жетті. «Дарынды кәсіби даму» академиясы ұйымдастырған «Қазақстанның үздік 100 мұғалімі» атты І республикалық педагогикалық байқауында Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі директорының өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары Анар Барлыққызының да есімі аталып, еңбегі еленіпті. «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр мұғалімдікі» екені белгілі ғой, бірақ осы жолғы ұстаздарға көрсетілген құрмет сырбойылықтарды өрекше қуантты.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Ел экономикасы үшін маңызды саналатын теміржол саласын жан-жақты меңгерген ұстаздың еңбек жолы бізді де сүйсінтіп қоймады. Әсіресе жай сайын оқу орнын бітірген түлектердің білікті маман атануы олардың сапалы білім алғанын дәлелдеп келеді. Анарға берілген Білім және Ғылым министрінің Құрмет грамотасы, «Адал еңбегі үшін» төс белгісі және Қызылорда облысының әкімінің жаңындағы әйелдер істері және «Ақ босаға» қоғамдық бірлестігінің «Кәсіп үздігі» номинациясы шәкірттері үшін аянбай қызмет еткен жылдардың өтеуі іспетті. Жалпы қай саланы алып қарасақ та, белгілі бір нәтиже мен жетістікке жету үшін мамандықтың жақсы көру керектігі айтылады. Сондықтан орайы түскен сәтте сала үздігінің мерекедегі көңіл-күйін, мамандық жайлы ойын білуді жөн көрдік:

— «Жол қозғалысын ұйымдастыру инженері» мамандығын таңдауыма өкпенің еңбек жолы әсер етті. Өкем — теміржолшы, ал атам мұғалімдер отбасынан шыққан. Осы кісілердің еңегелі өмір жолы менің инженер-педагог ретінде мықты маман болуыма, жетістікке жетуіме ықпал жасады. «Қазақстанның үздік 100 мұғалімі» қатарына қосылғанымды естіген сәтте, он бес жылдық еңбегімнің текке кетпегенін түсіндім. Өзіне, біз үшін марапаттан бұрын ел мен шәкірттердің алғысы маңызды. Сондықтан алдағы уақытта да білім саласында аянбай қызмет ететін боламыз, — дейді Анар Ахметова.

Жаңашылдыққа бейім ұстаздың есімі аталғанда көпшіліктің ойына ЕКСПО-2017 көрмесінің оралуы заңдылық. Себебі төрткүл дүние көз тіккен мерекке Анардың «Жаңа үлгідегі күн сәулесінен энергия алатын пульс табло» жобасы таңдала алынған. 102 мекеменің арасынан үздік шыққан бұл жоба Анардың ғылым жолындағы қадамын нықтай түскен. Бұл жөнінде бізге толығырақ Анардың әріптесі, колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Серік Ермаңұлы айтып берді:

Анар әріптестер арасында ғылыми жұмыстарын сарпаттамадан өткізіп, білім мен біліктілігін жетілдірудің негізінде облыс мақтаншына айналды. 2008 жылдан бастап облыстық арнайы пән оқытушыларының арасында өткізілген сайыстармен қатар, республикалық байқаулардың жеңімпазы атанды. Ал шәкірттерінің жеңісі өз алдына бір төбе. Сондықтан Анар Барлыққызының білім саласындағы еңбегі өлшеусіз деп айта аламын әрі бұл — бүгінгі бұныға қалтқысыз қызмет етудің ең жарқын үлгісі екені даусыз, — дейді Серік Ермаңұлы.

Тәуелсіз мемлекеттің болашағы жастардың қолында екені жиі айтылады. Бірақ бүгінгі буынның саналы, сапалы маман болып қалыптасуы — ұстаздың жауапкершілігінде. Ел ішінде Анар Барлыққызы тәрізді мұғалім көбінесе, ұлттың келешек кемел боларына біз де сенім білдірдік.

ШАХМАТ ОЙНАП ШЫҢДАЛЫП ЖҮР

Шахмат — ақыл-ойдың ойыны. Иә, бұл сөйлемді бәріміз айтып жүрміз. Бірақ іс жүзінде ойынның ережесін, әдіс-тәсілін, т.б. жасөспірімдерге қаншалықты үйретіп, оқытып жатырмыз? Оқушылар шахматтың қыр-сырына қанықты ма, жетістікке жетіп жүр ме? Бұл сұрақтарға жеке-кейде, жалпылама да жауап беруге болады. Соңғы жылдары Сыр өлінің топырағы шахматтан әлемдік, халықаралық жарыстарда олжа салып жүрген жеткіншектерді тудырды. Міне, мұның өзі Қызылордадағы шахмат спортының даму динамикасына дәлел бола алады.



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында «Балаларды өрте жастан мамандығы бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуге тиіс. Биыл бірінші оқушы халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды. Ондай орында балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажет» деген еді. Өрине, балаларды дұрыс қоғамға бейімдеу — кез келген ұстаздың міндеті, арманы. Ал, оларға қолдау көрсетуді мемлекет те өз міндетіне алып отыр.

Жалпы, бүгінгі күні қаламызда шахмат үйрететін орталықтар, жеке мектептерде үйірмелер баршылық. Бұл өзара бәсекелестікті тудырып, ойнаушылар санының артуына, шахматтың дамуына әкеледі. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отанышылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз және оны қалыптастыру — басты міндетіміздің бірі» деген еді. Иә, кез келген спорттық ойын оқушылардың патриоттық сезімін арттырады, оларға ерік-жігер сыйлайды.

Женістің бір ғана баспалақтан тұрмайтынның шәкірттер жақсы біледі. Өткен жылғы пандемиялық жағдайда біз оқушылардың жеке жұмыс жүргізуіне жол аштық. Шахмат онлайн ойынуға баулыдық. Бүгінде ертілгі әдістемелік кітаптар мен журналдар арқылы шәкірттерге шахматтың алғашқы әдісінен бастап шартықтар шегіне дейін үйретуге тырысып келеміз. Осылайша, оқушылар шахмат ойнап шыңдалып жүр.

Қасымхан МҮСИРПАХАНОВ

ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Н.Бекжанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында ұстаздар күніне арналған «Ұстаз аты – биік өрі мәңгілік» атты салтанатты жиынға қатысты.

Шараға білім саласының ардагерлері және ұстаздар қатысты. Төл мерекеде аймақ басшысы еңбегімен елдің құрметіне бөленген педагогтарды құттықтап, бала жанының тәрбиешісі атанған ұстаздардың жұмысын жоғары бағалайтынын жеткізді.

«Қуындармен бетте-бет келген осындай сәттерді кезең мұғалімдерге де оңай тиген жоқ. Ұстаздарымыздың жаңа технологиялармен байланысты дағдыларды тез игеріп, тосын жағдайға шұғыл бейімделуіне тура келді. Ата-аналар да өз кезегінде ұстаздар қауымына қолдау білдірді. Бүгінгі мерейлі сәтті пайдалана отырып, барлық кәсіпкерлермен ұжымдастықтарға қарамастан, жаңа ғасырдың зерттеу ұрығын тәрбиелеу жолында талмай еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымына алғыс білдіремін. Мұғалімге қолдау көрсету – ардағарымыз басты назарымызда. Биыл білім беру саласына облыс бюджетінің 45 пайызы, яғни 171 миллиард теңгеден аса қаржы бөлінді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев билығы Жолдауында педагогика саласы қызметкерлерінің жақсысын жыл сайын көтеруді тапсырды. Президент тапсырмасын орындау маңында 2021 жылы облысқа республикалық бюджеттен

32 миллиард теңге қаржы бөлінді. Алдағы жылдарда бұл өз жалғасын табады. Сәйкесінде ұстаздарға қойылатын талап та күшейеді. Сондықтан білім саласының жоғары деңгейде болуы аса маңызды», – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Өңір басшысы ұстаздарға арналған ыстық лебізінмен соң, отандық білім саласына елеулі үлес қосқан тәжірибелі ұстаздарға түрлі деңгейдегі марапаттарды табыстады.

Ұстаздар басқосында Ы.Алтынсарин төсбелгісімен Қармақшы ауданы, Байқоңыр қаласы, №277 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Асия Байтөребаева, Қызылорда қаласындағы №176 орта мектептің директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қадірхұл Шаймағамбетова, «ORDA SCHOOL» мектептің директоры Рауша Алиева, М.Момтоева атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде математика пәнінің мұғалімі Ғазиза

Суханбердина және «№ 10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нағима Едосын марапатталды.

Мұнан бөлек, 2 сәуір қызметкеріне «Білім беру ісін құрметті қызметкері» төсбелгісі, 2 ардагер ұстазға «Еңбек ардагері» төсбелгісі табысталды. Ал 11 педагог «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін жергілікті ерекшелік белгісімен» марапатталды.

Айта кетейік, өткен жылдан бастап конкурстың негізінде үздік ұстаздарға 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі қаржылай сыйақы табысталады. Биыл да 10 ұстаз «Үздік педагог-2021» облыстық байқауының жеңімпазы атанып, 875 мың теңге көлемінде қаржылай қолдауға ие болды.

Сонымен қатар бүгінгі күні өңірде 22 мыңға жуық мұғалім қызмет ете, оның 94,2 пайызы жоғары білімді педагог.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова сол жағалаудағы «Orda school» жеке мектебінің жұмысымен танысып, педагогтарды Ұстаздар күнімен құттықтады.

«ORDA SCHOOL» ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Аймақ басшысы көпқабатты тұрғын үйлердің көптеп салынуы мектепке баратын оқушылар санын артуына байланысты жеке мектептер желісін кеңейтудің маңыздылығын айтты, білім ордасының перспективасы зор екенін атап өтті. Сонымен бірге ұстаздардың еңбегін ерекше бағалайтындығын жеткізіп, қасиеті мерекесімен құттықтап, 5 ұстазға Алыс хатты табыс етті.

– Ұстаз – ұлт болашағының іргесін қалайтын кемеңгер тұлға. Еліміздің болашағы Сіздердің қолдарыңызда. Демек, Сіздерінің артылатын сенім де зор. Мемлекет тарапынан педагог мәртебесін көтеруде нақты қадамдар жасалуда. Ел Президентімен «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылданып, жыл сайын жалақысы көтеріліп, әлеуметтік қолдау бойынша ірі істер жүзеге асырылуда. Осы мектепте білім алатын оқушылар алдағы уақытта

біліктен көрініп, ата-аналары мен ұстаздарының, мектеп ұжымының мақтанышы боларына сенімдімін, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы білім ошағындағы мектеп сыныптары мен биік затын робототехника кабинеті және үйірмелері жұмысымен танысты. Білім алып жатқан оқушылармен тілдесіп, кірік алмасты. Бастауыш сыныптың оқушылары үш тілде тапқақ айтты, мектеп оркестрі «Балбырауын» күйін орындап берді. Айта кетейік, қазіргі уақытта облыста жеке мектептер желісі қарқынды дамып келеді. Бүгінде олардың санын 10-нан асты. Жеке инвестиция есебінен салынған «ORDA SCHOOL» мектебі – облыста алғаш болып ашылған жеке білім ордасының бірі. Нысан 2019 жылы пайдалануға берілді. Заманауи талаптарға сай жабдықталған мектепте 500-ге жуық оқушы білім алууда.



Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында аймақтық «Қоғамдық келісім» КММ орталығының директоры, облыстық волонтерлер фронт өкілдерінің жетекшісі Болатбек Айтбөкетов атындағы жоба шеңберінде өткізілген іс-шаралардың баяндамашысы «Қайырымды істер» марафоны басталғалы көптеген

МАҢЫЗДЫ ШАРАЛАРДЫҢ МАРАФОНЫ

Облыста «Қайырымды істер» марафоны жалпыұлттық жобасы басталғалы бөрі 581 іс-шара ұйымдастырылды. Соның ішінде демеушілер есебінен республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында 3 322 оқушыға арнайы көмек көрсетілген.

іс-шаралар ұйымдастырылды. Шара аясында жалпы саны 31 215 адам қамтылды. Облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ және «Бітім» медиақия орталығының ұйымдастыруымен «Мерейлі отбасы» спартакиадасы өткізілді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған спартакиададағы мақсаты – дене тәрбиесін нығайттыру және ерекше жандар арасында саламатты өмір салтын ұстануға шақыру. Сонымен қатар ҚМБ-ның Қызылорда облысы бойынша өкілі Жалағаш аудандық Иммануил мешітінің ұйымдастыруымен

көп балалы және әлеуметтік аз қамтылған 34 отбасыға қажетті азық-түлік тартылды. Аудандарда да қайырымдылық марафондар белеңді түрде жүргізілді. Атап айтсақ, Шиели аудандық жастар ресурстық орталығы «Жасыл Ел» жасағы сарбаздарының ұйымдастыруымен Ыбырай Жақаев саябағында тазалық жұмыстары өтті. Сондай-ақ Байқоңыр қаласы, Қармақшы, Сырдария, Жалағаш аудандарының ерікті жастары бірігіп түрлі ардагерлерге көмек көрсетті. Бұл шаралар өлі де өз жалғасын табады», – деді Болатбек Серікбайұлы.

«ТҰЛПАР МІНІП, ТҰ АЛҒАН» ҮМІТКЕРЛЕР ҚАТАРЫ КӨБЕЙДІ

Қазалы ауданынан биыл «Тұлпар мініп, тұ алған» байқауына 57 оқушы, 51 жетекші қатысады.

«Қазақ ер» қоғамдық қоры жариялаған «Тұлпар мініп, тұ алған» жобасына қатысушылар байқаудың аудандық кезеңіне қызу дайындық үстінде. Қазіргі таңда Ер Едіге батыр Қырым толық жаттап алған оқушылар да бар. Қатысушылардың қатарында 20 оқушы жырды түгел жаттап, сайысқа сақадай сай. Олар аудандық кезеңді асыға күтуде.

Алдағы байқауда оқ бойы оза шауып, үздіктер қатарынан көрінуді мақсат еткен №93 мектеп ұлдары жырды толық жаттап алған. Мектеп мұғалімдері оқушыларға жырды аз уақыттың ішінде толық жаттатуды тәжірибелерімен бөлісті.

«Жырды оқушылар қызыға жаттау үшін әр оқиғаға құрылған жыр жолдарын бөліп бере отырып жаттатқызым. Дайындық барысында екі оқушымыз тосыннан тоқтатылып, жарысқа жаттатқанды өз жетігін берді. Қазіргі уақытта тарихи сөздердің мағынасын ашып, Алтын орда

тарихына қосымша әдебиеттерді қарап дайындаудамыз», – дейді қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Раиса Рахмет.

«Негізгі зорлық жырлар оқиғалы болып келеді. Сол оқиғаларды жоспар бойынша еске түсіре отырып жаттау жеңіл болды. Баланың есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында кез келген оқиғаны айтып беруді талап еттім. Қазіргі уақытта қазақ әдебиетінен өткен тақырыптарға шолу жасап жатырмыз», – дейді қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ұлан Тәуекелова.

Байқауға қатысушы №93 мектептің оқушысы Нұржамал Минажидин Едіге жырдың басқа жырларға қарағанда өзіндік ерекшелігі бар екенін айтады. Қатысушының айтуынша, жырды жаттау аса қиындық туғызбаған. Ол сайысқа қатыстырушы мұғалімнің өзіне үнемі сенім артып келе жатқанын айтты, алдағы уақытта сол сенімді ақтауға тырысатынын жеткізді.

КАМАЛ ӘЛПЕЙІСОВА СЫР ЖАСТАРЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, жазушы, аудармашы Камал Әлпейісова – еліміздегі ілеспе аударма жасауды меңгерген алғашқы білікті маманның бірі. Ұзақ жылдар бойы ҚР Парламенті Сенатының аппаратында, Президент Әкімшілігінде жауапты қызметтер атқарған.

Қазан айының алғашқы күні Камал Әлпейісова Сыр топтырағына келіп, аймақ жастарымен жүздесті. Облыстық жастар ресурстық орталығында өткен жүздесуде журналист өзінің өнегелі өмірі мен шығармашылығынан сыр шертті.



Камал Әлпейісова алдымен «Жастар орталығы» ғимаратымен танысып, одан әрі жастардың ортасына жайғасты. Оза басатын өзінің қазіргі таңдағы «Қазақстан» жобасы туралы тоқталып, оның ішінде ұлттық құндылықтарды, сапалық деңгейді жаңарту мақсатында идея туындағанын айтты. Осы тұрғыда жастарға кей әдет-ғұрыптарды

мысалға алып, жобаның мазмұнын да аша түсті.

Одан әрі бірнеше жылдар бойы қызмет етіп, өзінің есімін қалыптастырған аударма тақырыбына кеңінен тоқталды. Аудармашының кіріспе кезеңі, оның түрлері және осы аударма саласындағы қиындықтар мен кездескен қиындықтар оқушылармен де бөлісіп отырды.

Кездесу қорытындысында Камал Әлпейісова өзінің авторлық «Ілеспе аударма: Таным мен тәжірибе» және «Филологиядағы қазақша-орысша, орысша-қазақша мағыналық аудармалары» атты кітабын «Жастар орталығының» кітапханасына сыйға тартты.

Шара соңында Сыр жастары белгілі аудармашымен естелік суретке түсті.

ПАУЭРЛИФТИНГТЕН ЖАРЫС

Пауэрлифтинг – күш сынға түсетін спорт түрі. Аталған спорт түрінен білекті, мықты спортшыны анықтау мақсатында облыстық жастар ресурстық орталығы және «Orda Gym» фитнес клубымен бірлесіп отырып, қалалық ашық турнир өтті.



Жарыс тек мықты жастардың арасында болғандықтан спортшылар барын салды. Дегенмен мұндай сайысқа бабы келген етті мен білектілер ғана жеңері анық. Сондықтан жарысқа қатысушылардың

жан-жақты дайындықпен келгені көрінді.

Расында, соңғы кездері өңірмізде пауэрлифтингтің жоғары деңгейде дамып келе жатқаны анық байқалады. Мұны фитнес клубтар мен жаттығу залдарына

келген жастар белгі дәлелі бопана алады. Турнирге қатысушылар 8 салмақ дәрежесі бойынша 50 спортшы сынға түсті. Сайыс қорытындысы бойынша үздік атанған спортшыларға арнайы дипломдар мен медаль табысталды.

Мүмкіндігі тектеулі азаматтар арасында ісмер, он саусағынан өнері тамған шеберлер кездеседі. Өз бойынан шыққан қандай да бір өнерін көпшілікке паш ету, жұрттың шынайы ықыласына бөлену оларда үлкен мәртебе. Бұл күндері мүмкіндігі тектеулі жандардың өзі үй ішінде қолөнерімен айналысып, туындыларын көрмеге ұсынып жатқанына куәнасыз. Бұл – өнерді түсініп, бағалай білетін жандар үшін үлкен қуаныш.



Жарысқа қатысушылар қарсыласын жеребе арқылы таңдап, өзара сайысты. Нәтижесінде бірінші орынды Мақсат Мұғалым мененде, екінші орын Ғалымжан Ахметов бйында. Ал Сәт Баймұраза үшінші орынды қанатта тұтты.

Осы орайда облыстық жастар ресурстық орталығы мен ҚМДБ Жастар ісі секторының ұйымдастыруымен үстел теннистен жарыс өтті. Сайысқа қала орталығынан іріктелген 15 жас қызысып, бақ сынады.

МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ



Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығы, «Ай-Қанат» жастар қоғамдық бірлестігі және Мәдениет және өнерді дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Ұстаздар күні» қарсаңында жас ұстаздарға арналған мерекелік шара өтті. Шараға Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық білім нәрімен сусындатқан жас ұстаздарды мерекесімен құттықтап, арнайы алғыс хатпен марапаттады.

Мерекелік кештен кейін «Co-working» орталығында еркін форматта кездесі. Кездесу барысында жас ұстаздар

өзінің жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, алдағы уақытта жастар орталығымен атқаратын жұмыс жоспарларын талқылады.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІ

«Менің қолымнан бөрі келеді» тақырыбында мүмкіндігі тектеулі жандардың қолөнер бұйымдарының көрмесі өтті. Мақсат – өңірміздегі мүмкіндігі тектеулі жандарға қолдау көрсету, қолдан жасалған туындыларды танытуды қолдау.

Шарада әртүрлі тоқыма, сазбалшықтан жасалған құмыралар, тоқыма бұйымдар мен қыз жасауына арналған көрпеше, көрпе-жастықтар қойылды. 4 сағатқа созылған көрме барысында «Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы» КММ-сі және

«Мүгедектерге арналған оңалту орталығының» бұйымдары 20-дан астам шеберлер мен орталық мамандары келіп, қолдан жасалған туындыларын ұсынып, оған 120-дан астам қала тұрғындары қызыға тамашаланды.

Көрме барысында тұрғындар ерекше бұйымдарды сатып алды. Осы ретте, «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығының» мамандары сатылымнан түскен қаржы балалар оқушысына сәйкес қайта шикізат алуға жұмсалатынын жеткізді.

«Көрмеде ерекше жандардың тек өз бұйымдарын жайғастырып ғана қоймай, сол күні ерекше көңіл-күй мен әсерге бөленді.



Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылып жатқан «Жастар жырлайды» жазба ақындар айтысының финалына шыққандар белгілі болды. Қазылар алқасының шешімімен 4 ақын финалдық кезеңге жолдама алды. Олар Бексұлтан Орынбасаров, Динар Рахман, Шыңғыс Құдайберген және Айбану Қалиева. Ақтық сынға шыққан 4 ақын қазылардың нұсқауымен жұпталды. Сонымен жеребе рәсіміне сәйкес алғашқы жұп яғни Динар Рахман мен Шыңғыс Құдайбергеннің айтысын назарларыңызға ұсынамыз.

Динар Рахман:

Көгерер ер батадан, жер
жаңбырдан,
Жырынмен өсіп жүрген мен
балдырған.
Тамыры терең кеткен
Қызылордам,
Тарихта өшпейтуғын мөр
қалдырған.
Үш кезең айтыскерлер өнерімен,
Таңдайдан жыр, маңдайдан тер
жаудырған.
Саңлақтарды тудырған Сыр
анамсың,
Атағыңнан ат үркіп, тау
жаңғырған.
Ассалаумағалейкум ағайындар,
Есендікті сұрайын ел қауымнан.
Сусап келген адамға су түтіліп,
Қасиеттің өзі де шөл қандырған.
Бісімілпе естілсе деп төкпе
жырым,
Ортаға Динардайын жеткен ұлың,
Айтыстың финалына міне ағайын,
Бөлініп шығып қалдың төртке
бүгін.
Финалда жұп қылыпты
Шыңғысымды,
Сенімді серігіміз сертке мығым.
Мұғалім Шыңғыс әрі ақын болып,
Еліне ерен еңбек еткен ұлың.
Осы жазда сөбілі болып жатыр,
Тілеймін бөбектердің көп болуын.
Осылай бауырымды көтеремін,
Ұрпағы емес пе едік көк бөрінің.
Жанына жылылықты терең егіп,
Шыңғысқа бауыр болып келем
еріп.
Айтыс деген ағайын ұлы өнер,
Кететін жан дүниеге терең еніп.
Рухани жаңғыруың елге пайда,
Беретін ескі сана, көне көрік.
Кезегіңді берейін олай болса,
Тастаймын десең егер өлең еріп.

Шыңғыс Құдайберген:

Үағалейкумссәлем, Динар інім,
Есен бе, ата-ана үй қауымың?
Ізетті інім едің ізіме ерген,
Санаасына салмақты қыйған ілім.
Ендеше көрінбейік жай қатардан,
Қызыл тіл бүлбүлдайын сайра
танцнан.
Ассалаумағалейкум сәлем
бердім,
Қазаққа қара сөзден қайрат алған.
Төрт ақынды финалға алып
шықты,
Бөлгендей бөрі келіп қойды
отардан.
Сыр елі жырдың елі қай
заманнан,
Тектіліктің тамшысы бойға
тамған.
Онлайн айтыстырып ақындарды,
Озғаны мәре қиып ойлы атанған.
“Ақмешіт жастары” мың рақмет,
Айтыстың абыройын айға
апарған.
Сен едің бұл айтыстың сұр
жебесі,
Жыр жаттап жас күнінен кірген
есі.

Ұлды болған ағанды айтып өттің,
Артта қалған бағыңан бір белесі.
Сенен сол күн сүйінші сұрап едім,
Бұл баланың болмады мүлде
қолшы.
Үндемей із суытып інім кетті,
Үлде мен бүлде болған күнде
кеші.
Бүгін мүмкін қамданып келді ме
екең,
Теңіздей көңіліңің жыр кемесі.
Сүйлейлердің сарқыты емес пе
еді,
Сүйіншіге бар шығар бірдеңесі.

Динар Рахман:

Өмірдің енді ашқан ақ парағын,
Сәбидің оңғарса екен
бақ-талабын.
Сәті түсіп сүйіншісін сұрап
жатсың,
Белгілі еді мұндайға тап боларым.
Құттықтап жатқаныма біліп едім,
Шыңғыстың бірдеңені деп
табарын.
Сүйіншіні ауылға барып
табыстаймын,
Жоқ еді салт-дәстүрден
аттағаным.
Жыр сұрасаң ауылыңда жыр
төгейін,
Рас болса жастайымнан
жаттағаным.
Сүйіншісін ағасы ұяйымдама,
Менің оған көп еді сақтағаным.
Есімін ерендердің тез жаттармын,
Тарихтың тереңінен сөзді
ақтардым.
Егемен ел болам деп бас көтеріп,
Кешегі ұлттың көшін қозғалтқан
кім?
Ағайын біздер үшін бұл
желтоқсан,
Қайрат, Ербол намыс отын
маздатқан күн.
Шәймерденов және де Жұбан
болып,
Колбинге қарсы пікір сөзді ал
бардым.
Шындық айтқан Шахановты кім
білмейді,
Мәселені Москваға қозғап
бардың.
Ерлігін ұмытпайық егемен қып,
Бодандықтан босатқан
боздақтардың.
Сен туралы менің де тегремің көп,
Футболда сені ұтып көргенім жоқ.
Басқаны қайдам өз басым мына
сені,
Балалы болды дегенге сенгенім
жоқ.
Балалы боп жүрсің өзін бала
болып,
Жеңісті мына маған бергенің жоқ.
Екі қолың джостикте футбол
ойнап,
Қалаға келе қалсаң ермеңің көп.
Шыңғыс Құдайберген:
Сөздерің сарандықтың күйі іспетті,
Динардың дейін қашан миы
іспетті.

Айтыста аяқдопты әңгіме қып,
Айтар сөзі қақпадан қиыс кетті.
Сүйіншіңді ағасы қатырам деп,
Сөзі мен ісі мүлде түйіспепті.
Еліміз етек жайып жанданғанда,
Ертерек еркіндікке қамданғанда.
Қаншама боздақтарым қыршын
кетті,
Жұртым деп жан аямай барған
жауға.
Желтоқсанның қырғыны өлі күнге,
Жазылмайтын жарақат салған
жанға.
Қазағым Аллаға шүкір аман-есен,
Қаз-қаз басып жетуде
армандарға.
Барлық қазақ баласы
қарыздармыз,
Ел үшін ту көтерген тәрпаңдарға.
Отаным отар болып кетпесін деп,
Орысқа қарсы шыққан
огландарға.
Ендеше аламанда қалыс қалмай,
Жүйікті Динар інім қарыс маңдай.
Мен өзіңе бір сұрақ жасырайын,
Айтыстың талабы мен
танысқандай.
Танымал текті туған бабамыз
бар,
Мақтанып айтатұғын
намыстанбай.
Мәскеуде білім алып жұмыс
жасап,
Біліммен сусындапты алыстан
бай.
Алаштың ертеңі үшін еміреніп,
Арыстар мен бөріне
барысқандай.
Медицина тарихты бірге қамтып,
Жүзіпті кездесе де ағыс қандай.
“Бұл қазақ көккөздердің отары
емес”,
Деп айтты күш келсе де орыстан
қай.
Осыдан соң қара бұлт үйіріліп,
Басынан аяқ асты бақ ұшқандай.
Қазақстан тәуелсіз ел болған
кезде,
Атын мәшһүр етіп
атсалысқандай.
Есіміне университет атын берді,
Ер бабамыз жұрты мен
қауышқандай.
Талаптасаң табарсың Динар
інім,
Сұрағыма сақ қарап
сауысқандай.
Журналис, жырау ақын біле ме
екен?
Алашшыл бабамызды
арыстандай.

Динар Рахман:

Жұмбақ қойып жатқаның жөн іс
болад,
Бермеймін мына саған қалыс
жауап.
Алаштың ардақтысы
Асфендияров,
Қалайша ізгілерден қалыс қалад.
Атамыздың атында универ бар,
Өзгелер түсе алмайтын таныс
қарап.

Баулиды жастарымды тек
ғылымға,
Өйтпесе қазірде адам көп іске
опақ.
Келтіріп қалымаға тілді әуелден,
Берейін жауабыңды жылдам
әнмен.
Жұмбақ қойып жатырмыз
арыстардан,
Тарихты ашып алып құмға
көмген.
1886, Наурыз айы, дүниеге
Алаш елі мақтанар тұлга келген.
Мен мына сол атамды мақтан
етем,
Ештеңем жоқ жер менен руға
бөлген.
Ол кісі Алашқа ортақ алып тұлга,
Ешкім де таласа алмас бұл
дәпелмен.
Жұмбағымының жауабы біле
білсең
Алаш орда көсемі туған жерден.

Шыңғыс Құдайберген:

Түйдектеп Динар інім толғағанды,
Жұмбағын бізге қарай
жолдағанды.
Алаштың нар тулғасын өлең
қылдың,
Болған соң терең тарих онда
мәнді.
Әлихан Бөкейханов емес пе еді,
Сынаған соң кездегі тар қоғамды.
Шешіліп шешендікті көрсеткенде,
Лениннің лепіргені жолда қалды.
Қазағым ешқашанда ұмытпайды,
Алашым деп алысқан арлы
адамды.
Тек қана қарабастың қамын
жемей,
Ұлт үшін жанын қиған өр
бабамды.
Жырыңның иісіне аңқып алаң,
Жан қалмасын сөзіңе
балқымаған.
Осымен біз айтысты аяқтайық,
Болсын тек ел-жұртымыз жалпы
аман.
Динардай ізетті інім сенде есен
бол,
Қарсыласса кезі жоқ қалтыраған.
Әкенің ізін қуып өскен ұлсың,
Сақтай бер қазақшылық салтын
аман.
Сұлтанмахмұт секілді күн бола
бер,
Алаштың аспанында жарқыраған.

Динар Рахман:

Қыран құс көкте самғап
қалықтасын,
Айтудан ақын жүрек жалықтаасын.
Шыңғыс бауырым осымен қош
аман бол,
Көңілің түманданып қамықтасын.
“Ақмешіт жастары” ауылымызда,
Басқадан дәрежесі анық басым.
Соңғы кезде газеттер оқылмайды,
Деген пікір өріне халыққа сын.
Олай болса,сөзімді түйіндейін,
Болсын деп оқыманда парық
басым.

Қожахмет БАЙМАХАНОВ,
қоғам қайраткері:

ЖАҢА БУЫННАН ЖАҢАЛЫҚ КҮТЕМІН

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Баймаханов Қожахмет Мәдібайұлы 1953 жылы 21 қыркүйекте Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Томск инженерлі-құрылыс институтын бітірген. Мамандығы: инженер-құрылысшы. Әр жылдары ПТО басшысы, бас инженер, ПМК басшысы, тресттердегі ПМК бастығы қызметін атқарған. «Қызылордасель-строй-16», «Риссовхозстрой», ПСО «Қызылордамелиорация» серіктестіктерінде еңбек еткен. 1989 жылы бес жыл М.Калинин атындағы совхоз директоры, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қаржы және бюджет комитетінің халық шаруашылығы бюджетінің шығыстары жөніндегі кіші комитетінің төрағасы, «Арна» АҚ ПМК бастығы, Қызылорда облыстық құрылыс, тұрғын үй, сәулет және аумақтарда құрылыс салу басқармасының бастығы болған. 1997-1999 жылдары Жалағаш ауданының әкімі. Мұнан соң бес жыл Қызылорда қаласының әкімі қызметін атқарған. «Асар-Холдинг» серіктестігінің директоры. ҚР Жоғарғы Кеңесінің XIII-інші шақырылымының депутаты, ҚР Парламент Сенатының экс-депутаты. «Нұр Отан» партиясының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР «Құрметті құрылысшысы». Жары Әзиза Құстабаевамен бірге ұлдары ғұмыр кешіп, Тұмар, Раушан, Шолпан, Дархан есімді ұл-қыздарын тәрбиелеп жеткізді. Отыздан астам немеренің ардақты атасы.



— Қожахмет Мәдібайұлы, ел Сізді бұрынғы қала әкімі, сенатор, қазіргі кәсіпкер, қоғам қайраткері ретінде біледі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары шаһарды басқардыңыз. Егемендіктің 30 жылдығында ел басқару ісінің көшесі мен бүгінгісіне ой жүгіртсеңіз...

— Мен өндірістің адамшын. Әкімдерді жинап, жиналыс жасауға жоқ едім. Өмірде, халықтың алдында, жиналыстарда қағазға қарап бірнәрсені оқыған адам емеспін. Жұрттар баяндама жасап оқыды ғой. Құндылық істеп жүрген жұмысқа бағдардың керекі не? Мәдениет совхозына директор бол, Райкомға екінің хатшы болсаң ба деген ұсынстар түсті. Менің қазақшам шала, бәра алмаймын дедім. Мемлекеттік қызметте істеген адамдардың қазақша сөйлей алмаймын дегені еді. Ұаытында Әуелбек ақсақалға ренжігенім, ол кісі қазақша білмеді. Тәртіп бойынша аудандары аралап, 1985 жылы наурызда Жалағашқа келді. Сонда «Я по казахский плохо говорю, осыныоа когда приеду еше раз, буду говорить на казахском» деді. Біртүрлі болып қалдым. Мен де орыс мектебінде оқыдым. Томск қаласында инженерлік-құрылыс институтта білім алдым. Менде қазақша мүлде сөйлей алмаймын деп көрсем болады. Әуелбек алмаққа жұмыс істеуге бір топ өзге ұлт өкілдерін әкелді. Олар түрлі салаға басшы болып істеді. Бұл өрнекті де маған ұнамады. Халықтың ренішін сезді ме, кейін бұл өрнекті үшін өз де өкініпті. Мен топаратты адаммын, көп нәрсені түсіндім. Өйтсе де, адам қызмет ететін ортасына сай болу керек. Бүгінгі мемлекеттік қызметте де бұл қателіктер бар. Мемлекеттік қызметте лауазымды қызмет атқарған соң ата тілінде сөйлеп, құрметтеу керек. Тіл білімге ірген жерін, халықты сыйламау деп түсінемін. Институт бітіргенне екі жыл болған жас — экономика министрі. Қалай ол экономика министрі болады? Экономика министрі деген бүкіл облысқа қажетті қаржыны бөлетін маман. Мемлекет қаржысына жуан беретін қызметке салалық сатылардан өтіп бару керек.

Менің ұстанымым — біреуге бірнәрсені айту үшін өзіңнен бастау керек. Өзің лайық болуың қажет.

— Қазіргі Бұқарбай Батыр ауылында бес жыл совхоз директоры болдыңыз. Бұл қызметке барғыңыз келмеген екен. Себебі неде?

— Армамын тресс басшысы болып құрылыс саласын дамыту еді. Бір күні Б.Каюпов мені совхозға директор болатынымды айтты. «Биеке, қойыңызшы, күрші пен бидайды айыра алмаймын. Мал шаруашылығында бәйбәбармын. Қалай басшы болып барамын» дедім. «Аудан басқару мамандығыңа байланысты емес, үйіңе барып Мәдібай, Бименді ақсақалдармен ақылдас» деп қайтарды. Бименді ақсақал мен-жайды естіп, өскенді бар. «Партия қызметке жолдама берсе, бармаймын дегенің жас болмас. Оның үстіне Мәдениет совхозындағы қызметтен де бас тартпайсың. Партияға қарсы келме, қызмет ұсынған соң бару керек» деді. Үлкендердің ақылын тыңдап, қызметке бардым. Калинин совхозы — Жалағаш ауданының жүрегі. Калинин күршітен озат шықпаса, аудандың көрсеткіші көк тиын. Бес жыл Калининде совхоз директоры болдым. Қаз-үйрек асырадық, Беларустан сыыр алып, бақтық. Жылжыбай салдық. Совхозға келгенде жары дегенің не екенін білдім. Директор болып алғаш барғанда маған бірінші арсықты төрт адамды таныстырды. «Шеште бұлдірмісем, артық жеп қоймасам, неге арызданды?» дедім. «Көресің ғой, олар ретін табады» деді. Айтқандай, әлгі арсықтарлар арызданбаған отырады. Совхоз директоры, председателі қолхоз болған адамды кез келген қызметке қоюға болады. Совхоз директоры — президент. Ауыл советің — парламент, мектеп директоры — білім министрі, аурухананың бас дәрігері — денсаулық министрі. Бір совхозда бір мемлекеттің бүкіл жүйесі бар. Құдай, әруақтарымың қолдауы шығар, осы қызметтік сатыдан өтсең, өміріңкізаны болады деген бұйырқтаны болуы керек. Совхозда бес жыл

істеп, өмірлік сабақ болар тәжірибе жинадым. Кейін аудан әкімі болғанда көп көмегі тиді. Совхоз директорларының біреуі өтірік айта алмайтын. Себебі мен совхозда тынайтықжы қайда, гирбидиді қайда, неше комбайн жүріп тұр бәрін біліп отырдым. Директорлар ел бес жыл совхозды басқарған» деп өтірік айта алмайтын.

— Өңірдегі ең өзекті мәселе қандай? — Дарияға су алып келу мәселесі — ең өзекті. Бұл мәселе төңірегінде де ойымызды ашық айттық. Біздің Сыр бойындағы халықтың тіршілігі Сырдария өзенімен байланысты. Сондықтан өзбек-қырғыз ағайындардан Сырдария өзеніне бізге тиесілі суды жіберу жағын мемлекет басшылығы қатты бақылауға алуы керек. Біз айтсақ, халыққа болсын деп айтпаңыз. Көзіміз көріп тұрған соң, көзінде басымыздан өткен соң, халыққа жетсін деп айтпаңыз. «Момын — жақсы адам» деп айтты ғой, сонда әкем айтатын «момын адамның несі жақсы» дейтін. Қызмет істеген соң жан-жақты бақылауда ұстау керек ғой.

— Сенаттан соң, саясатқа көрінбей кеттіңіз? Не себеп болды?

— Мемлекеттік қызметтен кетіп, құрылыс пен айналысым келді. 2004 жылы Ислам Адырбеков келді. Ол кісі де маған біраз жұмыс ұсынды, бірақ мен мемлекеттік қызметке барғым келмеді. Осы жылы «Асар Холдинг» компаниясын құрдым. Бизнесің жақсы жері бәрі сенікі. Қолымдағы қаламнан бастап, ймарат, бәрі менікі. Мұндай бұрын емес болмаған. Совхоз — мемлекеттің, аудан — мемлекеттің, ПМК — мемлекеттің. Депутаттың түстім мені халық қолдады, жоғары басшылар да келісімін берді. Бірақ депутат болып келген соң маған жұмыс бермеді. Негізінде бар еді, депутат өзінің бұрынғы жұмысына орналассын деген. Бала-шағаны асырау керек. Тіршілік етейік дедім. Сауда жасамақ болып Алматыдан Түркияға ұштым. Бортта Керекудың екі кәсіпкерімен қатар отырдым. Сапар аратымыз жақындаты. Анадолы еліне дейін әңгілеміз жараса кетті. Оның біреуі — Наташа. Әңгіме кәсіп жайлы өрбіген соң

десеңші? «Қаланың әкімі болғанда өзі түктө бітірмеген еді, қазіргі әкімді сынап отыр» деп маған жазғандарын оқыдым. Мен Қызылорда қаласын қабылдап алғанда бюджеті — 1 млрд 658 млн еді. Қазір бұл қаржыға бір мектеп те салмайды. Жанкюрган ауданында 600 орындық мектепті 3 млрд теңгеге салуда. Мен қаланың әкімі болғанда жұмысымың 18 сағаты салық жинаумен өтетін. әуежай, жағалау, стадион құрылысына қаржы қайдан табамын деп жүретінмін. Қазір салыққа басын қатырған басшыны көрмеймі.

— Өмірлік ұстанымыңыз қандай?

— Мен сендерге айтайын, қазір айтпа болады ғой. Қатты айтқан кезім де болды. Қанша қатты болсамда, жұртқа зиянымды тигізбеуді ойлаймын. Жалағаштықтар біледі, «Қожахмет айтпады-айтады да, ар жағында өшпесі жоқ» деп. Басшы кімге ұрасады? Өрне жұмыс істейтін адамға сөйлейсің. Біреулер жақсы қасиетімен көріне, соларды үлгі етіп, алға ұмтылсын дейміз. Жұмыс істей алмайтын адамға айт, айтпа сөзін әсер етпейді. Қызмет жолында ешкімді жұмыстан шығармауға тырыстым. Менің ұстанымым — біреуге бірнәрсені айту үшін өзіңнен бастау керек. Өзің лайық болуың қажет.

— Әжеңіз туралы көптеген естеліктер жазасыз. Үлкендерден нені үйрендіңіз?

— Біздің атамыз Баймахан Маспов үезінің болысы Бекбауов Құлшықтың баласы болғандықтан 1937 жылға дейін Өзбекстанда Бекбауов қаласында қалып жүрген. Туған інісі Құлмақанды Қарақұмда қашып жүрген жерінен ұстап, Ақмөшітте түрмеде қайтыс болған. Біздің жақын әкелеріміз үйге келеді, әкемізбен 2-3 сағат әңгімесің, шай ішіп, кетесің әкем. «Баяғыз біздің шал Өзбекстанда қашып жүріп, анда-санда ауылға тағылап келетін, сонда мына «бәле» (біреу шай ішкен қайыңсын айтып отыр) өсігені мініп алып, Жалағашқа милицияға шабатын барлауларға. Мен шалды шенгелдің арасына тығып қоямын. 3-4сағаттан кейін милиция сау ете қалады. «Баймахан қайда?» деп «Бәйішкенді көрмегің қай заман, өзіме де керек болып тұр» деп оларға бой бермеймін. Содан қараңғы түскенде, қайтадан Бекабадқа кететін. Күн көрсетпегенсің Ақмөшітке бір қожаның сарайында отырдым, кейін Темір станциясына көшіп тынышталған болдық».

— дейтін әкем. «Әкеу, ең сағат отырдың ғой «Бәйішкенді көрмегің қай заман, өзіме де керек болып тұр» деп оларға бой бермеймін. Содан қараңғы түскенде, қайтадан Бекабадқа кететін. Күн көрсетпегенсің Ақмөшітке бір қожаның сарайында отырдым, кейін Темір станциясына көшіп тынышталған болдық».

— Әжеңіз бар сәттік күйзелістер мен қиындықтарды қалай жеңдіңіз? — Үйде Әзізаның қасында болармын. Шайын ішіп, қабырғамен кеңесемін. Саралаймын. Ой елгенім өткіземін. «Құдайсыз құрай да сынбайды» дейді, өзімді сабырға шақырамын. Күнне жұмысқа келіп, жұмыс үстемдегі Құран кітапты оқып, Құдай деймін. Бұқарбай бабамның портретіне қарап Құран оқымын. «Әурағы желеп, жебеп жүрсің» деп. Ақыл мен сабыр үйлессе, барлық қиындықты өңсеруге болады.

— Неген қорқасыз? — Немқұрайлықтан қорқамын. Жақ ашпау. Жылы жауып қою. Білмеген сынай таныту. Жаны ашып, білек сыбана кіріспеу. Осының бәрін көріп отырып, халық үшін қасіреті тие ме деп уайымдаймын.

— «Өткенге-ай» дейтін сәттеріңіз бар ма? — Плендеміз ғой... Құдай басына не жазды, сол болады. Жазмыштан оза алмадың.

— Жаңа буыннан, өртегі күннен не күтесіз?

— Облыста басшы болған шалдармен әлі араласамын. Көбісің балаларыңан ерекше ештеңе шықпады. Ата бар тәрбиесін берер, әрі қарай баланың өз қолында болашағы. Дәуір де сүйкімді ғой қазір. Жас буыннан жаналық күтемін. Ізденімпаз, жаңашыл. Үлкен өзгерісті де қосар алып келу керек. Өте көпбетті жастар өсіп келеді. Кімі киістері,

Жаңа әлемнің өкілдеріне қызыға қараймыз. Сенім зор, үміт мол.

жүріп кетті. Мені күтіп жатқан екен. Әкем қайтқан соң сынпатысым Әзізаны келіп етіп түспдім. Өмірлік жарым Әзіз болғанына Құдайға шай шүкір. Әйел ақылды болса, ер адам ешқайда кетпейді. Отбасының бақыты әйелдің қолында. Балалардың тәрбиесі, ағайын-туыстың ауызбіршілігі бәрін Әзізә үйіріп отырады.

— Әкеге қарап ұл өсер» деген. Бала тәрбиесіндегі ұстанымыңыз?

— Қай әке балам жаман болсын дер, өмірлік азғығы болсын деп оқыттым. Менен қандай тәлім алды, не түйді білмеймін, тіршілігі істеп жүр. Бронский Анна Каренинаға тәрбиеленушілерді өз туған қызыңнан артық жақсы көресің депті, сонда Анна «Просто одну люблют одной любовью, а другую другой!» деп жауап берген екен. Өз балаларын өзімен қатар өкесін біраз қылықтарын байқамай қалдым. Ал немерелердің әрбір қылығын ерекше қабылдаймын. Құдай берген немерелер бар, солардың қимылдарынан өзіме ұқсастық көрсем, соған қадімдей мәз болып қаламын. Бала кезімде біздің үйде 30-дан астам бала оқыды. Көбісі қыздардың балалары, барлығымыз бір үйдің балдарындай өстік. Соның барлығы әкеміздің арқасында, барлығы әкемізді «әке», әкемізді «папа», шешемізді «мама» деп өседі. Арасында жақсы оқығандары мектептегі «Құрмет таңтасын» біздің шешеміздің суреттерін ілгізіп қоятын. «Ана «қордендерді» тамаққа шақыр!» дейтін әкем, кейін білім «қорден» деген арам шыр екен ғой. «Қыздың баласы десе жаныңды бересің», деймін, әкемді қызғанып. Сонда әкем айтатын — «Басыңа келсін, өртен мен оянаты әке, ата баланың көрсендер» деп. Сол айтқандай, басымызға келді. Үлдікі, қыздік демей барлығын мәрімде бөлеп отырып. Қайтыс болған Шолпан қызымыңн төрт баласы бар. Менің ендігі арманым — соларды қанаттыға қақтырмай, тұмыстыңа шоқтырмай жеткізу. Бүгінгі жас буынның азына да алдыңа шығар ақылда да басқа. Адам болып қал дейміз те.

— Азғантай қиындыққа шыдаймы, салы суға кететін азаматтарға айтар ақылдыңыз?

— Бізге хабарласып көмек сұрайтындық көп. Шын мұқтаждар бар. Көмек беру керек. Ал күлеуі үйінде жұмыс істемей жатыр. Саясат туралы айтқанда, аузы жабылмайды. Диванда жатып алып, анау жаман, мынау жаман дегенді қою керек. Шықсын. Еңбек етіп, отбасын асырасын. Соңғы екі жылда Әзізға тасырдым осы істі. Өлеуметтік жағдайын зерттейді. Шын мұқтаждарға қажетті азық-түлігін алып береді. Бұл өмірде 93 пайыз адамның өзіне байланысты. Өмірге тыр жалаңаш келдік. Тыр жалаңаш кетіміз. Өйтседе, кеуденде жаның барда тіршілік ету керек.

— Өзіңіз бір сәттік күйзелістер мен қиындықтарды қалай жеңдіңіз?

— Үйде Әзізаның қасында болармын. Шайын ішіп, қабырғамен кеңесемін. Саралаймын. Ой елгенім өткіземін. «Құдайсыз құрай да сынбайды» дейді, өзімді сабырға шақырамын. Күнне жұмысқа келіп, жұмыс үстемдегі Құран кітапты оқып, Құдай деймін. Бұқарбай бабамның портретіне қарап Құран оқымын. «Әурағы желеп, жебеп жүрсің» деп. Ақыл мен сабыр үйлессе, барлық қиындықты өңсеруге болады.

— Неген қорқасыз? — Немқұрайлықтан қорқамын. Жақ ашпау. Жылы жауып қою. Білмеген сынай таныту. Жаны ашып, білек сыбана кіріспеу. Осының бәрін көріп отырып, халық үшін қасіреті тие ме деп уайымдаймын.

— «Өткенге-ай» дейтін сәттеріңіз бар ма? — Плендеміз ғой... Құдай басына не жазды, сол болады. Жазмыштан оза алмадың.

— Жаңа буыннан, өртегі күннен не күтесіз?

— Облыста басшы болған шалдармен әлі араласамын. Көбісің балаларыңан ерекше ештеңе шықпады. Ата бар тәрбиесін берер, әрі қарай баланың өз қолында болашағы. Дәуір де сүйкімді ғой қазір. Жас буыннан жаналық күтемін. Ізденімпаз, жаңашыл. Үлкен өзгерісті де қосар алып келу керек. Өте көпбетті жастар өсіп келеді. Кімі киістері,

жүрістері, шаш үлгілері ерекше. Темекі шекпейтін, арақ ішпейтін санды жастар өсіп келеді. Ташкентке көп барамын, Жастардың стильді киінгені байқамадым. Жаңа әлемнің өкілдеріне қызыға қараймыз. Сенім зор, үміт мол.

— Өңгіменізге рақмет!

Сұқбаттасқан: Ғұлбану МАҚАЖАН,

Суреттер Н.НҰРЖАУБАЙДІ



ЭРЛАН БАТЫРБЕКОВ

Осыдан отыз жыл бұрын Семей ядролық сынақ полигоны Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен түпкілікті жабылды. Бірақ әлі күнге дейін ядролық сынақтардың салдары толықтай жойылды ма деген сауалдың көкейде тұратыны рас. Сол кездегі ел басшылығының ҚР Ұлттық ядролық орталығын

ұйымдастыру туралы шешімі ядролық зерттеу реакторларын пайдалануды жалғастыруға, толық ауқымды радиоэкологиялық зерттеулерді бастауға және бұрынғы Семей сынақ полигоны аумағын оңалтуға мүмкіндік берді. Сондықтан көпті мазалаған сынақ алаңының қазіргі ахуалы туралы орталық басшысымен бірге тартуға тырыстық.



Ұлттық ядролық орталық құрылған сәттегі алғашқы қадам Семей сынақ полигонындағы ядролық сынақтар инфрақұрылымын және оның салдарын жою болды. Бүгінде ядролық орталық Қазақстанның табысты ғылыми қасиеттерінің бірі. Онда 2000-ға жуық адам еңбек етеді. Орталықтың құрамына Атом энергиясы институты, Радиациялық қауіпсіздік және экология институты, «Байкал» қасиеттерін басқа, өткен жылы Геофизикалық зерттеулер институты кірді. Орталықта барлық қажетті инфрақұрылым, сондай-ақ ең ірі және бірегей эксперименттік база қалыптасты. Оған ядролық зерттеу реакторы, эксперименттік стенттер мен қондырғылар, иондаушы сәулелену көздерінің қоймасы, қазақстандық КТМ материалтану, сондай-ақ әлемдегі ең ірі табиғи зертхана – Семей сынақ полигоны кіреді. Бұл жағында бізге толығырақ орталықтың бас директоры Эрлан Ғадилтеулы айтып берді.

Қазір жоғары қауіпсіздікпен басқару қабілеттілігін сипаттатын және болашақта еш құмсыз, әлемдік ядролық энергетиканың негізі болатын 4-ші буындағы энергетикалық ядролық реакторлардың жаңа жобалары ерекше орын алады. Осы бағыт бойынша ҚР ҰҰО жапондық ғылыми ұйымдармен бірге қызмет істей келеді. Атап айтқанда, EAGLE-3 жобасы бойынша эксперименттік бағдарлама ойдағыдай іске асырылуда. Бұл жоба көзгі уақытта Жапонияда әзірленіп жатқан натрий жылуотасқышы бар шапшаң нейтронды реактор материалдарының балқуымен болған ауыр апаттардың салдарын жеңілдету жолдарын іздеуге бағытталған. Францияның Атом энергетикасы және бағамалы энергия көздері жөніндегі комиссариатымен бірлесіп SAICA жобасы іске асырылуда, ол ауыр ағза жағдайында ASTRID реакторының отын жинағының өрлетін зерделейді. (ASTRID – натрий жылуотасқышы бар шапшаң нейтронды реактор). Біздің эксперименттік базада Дольежал аттындағы ЭТФКИ АҚ-дағы ресейлік әріптестермен бірлесіп, шапшаң нейтрондардағы EGT-300 ең жаңа тәжірибелік-демонстрациялық реакторының отынның сынаулар жүргізу жобасы іске асырылуда, бұл реактор ресейлік «Прорыв» бағдарламасы шеңберінде әзірленеді, – дейді Э.Батырбеков.

Айта кетейік, басқарылатын термоядролық синтез технологияларын дамыту бағыты шеңберінде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Назарбаевтың Басамасы бойынша ҚР ҰҰО негізінде КТМ материалтану эксперименттік кешені құрылған. Ол болашақтың термоядролық реакторларында пайдалануға жоспарланған материалдардың қасиеттерін туралы бірегей деректер алуға мүмкіндік береді. Бүгінде ТМД елдерімен бірлесіп пайдалану туралы алты ел қол қойған келісім аясында зерттеулердің ауқымды кешені жүргізілуде.

ОТЫЗ ЖЫЛ ІШИНДЕ НЕ ӨЗГЕРДІ?

Осы уақытта дейін жалғаралық келісімдер шеңберінде ССҰ-дағы ядролық сынақтар жүргізілген барлық инфрақұрылымды жою бойынша жұмыстар атқарылған. Нәтижесінде жер асты сынақтарын жүргізуге арналған Дегенен тауы алабының 181 аралында, 13 пайдаланылмаған уңғым, сондай-ақ «Балапан» алаңындағы 12 шахталық іске қосу қондырғылары ядролық қару сынақтары үшін қолдануға мүмкіндік бермейтін күйге келтірілген.

– Бұдан әрі жұмыс ядролық қару сынақтарының салдарын жоюға және жапайы қырып-жыюатын қарауды тарту мәселелері тұрғысынан шетін апаратты қамтитын объектілерді қалыптастыруға қажетті күшейтеу бағытталды. 2000-2012 жылдар аралығында «Росатом» мемлекеттік корпорациясы (РФ), ҚР ҰҰО және АҚШ Қорғаныс министрілігінің Қауіп-қатерді азайту агенттігінің мамандарымен бірлескен жұмыстар нәтижесінде құрамында ядролық қызметтің қалдықтары бар сынақ ұңғымалары сенімді түрде консервацияланды (Атамбөрі алаңының 2-участкісі). Алты «Көбе» қондырғы сенімді келімді, екі шотландиялық объектілер арнайы технологиялық жабықтар алынып, РФ-ға әкелтілді. Ядролық қызмет қалдықтарын байланыстыру және жоюларланған барлық 42 шотландиялық объектеде физикалық тосқауылдарды күшейтеу жұмыстары толығымен аяқталды. Бұрынғы ССҰ объектілері мен алаңдарында ядролық қызмет қалдықтарына және ядролық сынақтар жүргізу жолдарына барынша «шешім» апаратын рұқсатсыз (енергия құралдарын қолданбай) қол жеткізуді толығымен болғызбайтын, жалпы көлемі шамамен 90 000 куб метр сенімді қорғаныс тосқауылдары жасалды, – дейді Э.Батырбеков.

Көсірлер Семей полигоны жабылғаны бәрі 8 ірі жобаны іске асырған. Олардың ішіндегі ең ауқымдысы – «Тәжірибе алаңы» қауіпсіз күйге келтіру еді. Оңалту жұмыстары барынша ядролық қызмет қалдықтары анықталған объектілерге рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмайтын инженерлік қорғаныс тосқауылдары салынып, 2020 жылы «Тәжірибе алаңында» оңалту жұмыстары түпкілікті аяқталған. Бұл – ҚР ҰҰО іске асырған ең ауқымды жобалардың бірі және ядролық қаруды таратпау тұрғысынан алғанда әлем тарихында 116

жерүсті және әуедегі ядролық жарылыстарды өткізу алаңы қауіпсіз күйге келтірілген алғашқы мысал болды.

Биыл Семей сынақ полигоны жабылуының 30 жылдығында біз полигон аумағын кешенді радиоэкологиялық тексеруді аяқтаймыз. Қазіргі уақытта біз 18300 кв. км-ден астам аумақты толық түсінікке ие екенімізді сеніммен айта аламыз. Бүгінде ССҰ-дағы осы ауқымды жұмыстың нәтижелері ҚР ҰҰО РМҚ-ның алдында полигон мен оған іргелес аумақтардың ядролық және радиациялық қауіпсіздігін одан әрі жақсартуға бағытталған жаңа міндеттер қоюға мүмкіндік береді. Осы жаңа міндеттерді шешу үшін Энергетика министрілігі «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Заң жобасын әзірледі. Ол қазіргі уақытта ҚР Парламентінде қаралуда. Заңның қабылдануы полигон аумағының және оған іргелес аумақтардың жаңа шекаралары есебінен айтарлықтай азайтылған жерлерде радиациялық және



экологиялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге, бұрынғы полигон жерлерін пайдалану мәселелерінде, оның ішінде жер пайдалану мәселелерінде, РАҚ-ты орналастырғаны үшін эмиссияларды төлеу бөлігінде саяси кодексті мәселелерінде, аумақты оңалтуда, елдің ғылыми әлеуетін дамытуда мемлекеттік бақылауды күшейтеу мүмкіндік береді, – дейді Э.Ғадилтеулы.

СЕІЗ АЛАНҒА ҚАНДАЙ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗІЛДІ?

Биыл Семей сынақ полигонында ең ірі кешенді тексеру аяқталады. Он екі жылға созылған зерттеудің мақсаты қандай, ұзақ мерзімді жобадан кейінгі нәтиже көптің көңіліне ме? Маңызды сауалға жауап іздегеніміз. «ҚР Ұлттық ядролық орталығы» РМҚ-ның бас директоры Эрлан Батырбеков келесідей мәлімет ұсынды: – 2008 жылы «Бұрынғы Семей сынақ полигонының қауіпсіздігін қамтамасыз ету» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Семей сынақ полигонын кешенді экологиялық тексеру басталды. ССҰ-ның кешенді экологиялық тексеру кезінде полигонның бүкіл аумағындағы радиациялық ахуалды біркелкі зерттеу көзделді. 2021 жылы кешенді тексеру аяқталды. Жүргізілген ССҰ аумағын зерттеу жұмыстары полигонның және оның топырақ жапымалы, атмосфералық ауа, жерүсті және жерасты сулары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі сияқты табиғи орта компоненттерінің қазіргі заманғы радиоэкологиялық жағдайының жоғары дәлдікпен анықтауға мүмкіндік берді. Тексерілетін аумақта тұрғып жатқан адамның аулы мүлкі сәулелену дозалары есептелді. Жұмыстың маңызды нәтижелерінің бірі радиоактивті ластанудың барлық маңызды үш факторын, радиоактивті заттардың ағындары және күйтмал таралуының негізгі жолдары мен нәтижелерін анықтау болды. Радиоактивті ластанған жерлердің негізгі бөлігі ядролық қару сынақтары жүргізілген сынақ алаңдарының шегінде орналасқан, – дейді Э.Ғадилтеулы.

Жалпы Семей сынақ полигонында «Тәжірибе алаңы», «Дегенен», «Балапан», «Сөрізген», «Ақтамберді», «4», «4А» және «Телек» аталатын сегіз алаң бар. Сондай-ақ полигонда жарылыс аймақтарының онтүстік-шығыс және оңтүстік бағытта ондаған километрге созылған «радиоактивті тусу іздері» деп аталатын радиоактивті ластануға ұшыраған алаңдар арасында орналасқан барлық учаскелер анықталған.

– Радиоэкологиялық зерттеулермен қатар «Тәжірибе алаңы» және «Дегенен» алаңдарында неғұрлым ластанған учаскелерді акультивациялау тәсілдері пысықталып, «Тәжірибе алаңында» ластанған топырақты алу жұмысы жүргізіліп, ол кейіннен «Байкал-1» реакторлық кешенінде орналасқан мамандандырылған қойма аумағына ұзақ сақтауға орналастырылды. Осы учаскелерге іргелес аумақтарда радиоактивті ластану деңгейін төмендету терең жыр-туды жүргізу арқылы қамтамасыз етілді. Рекултивациялық іс-шаралар «Дегенен» алаңында да жүргізіліп, штыңның ағындық ластанған топырақ мандарына учаскелері үстінен тара топырақ себілді. Жүргізілген жұмыстар кешені қоршаған ортаға теріс әсерді едәуір төмендетуге мүмкіндік берді, – дейді Э.Батырбеков.

АТОМ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛАДЫ?

Атом саласын ақпараттық және кадрлық қолдау – Ұлттық ядролық орталық қызметінің стратегиялық бағытының бірі. Сондықтан саладағы кәсіби мамандардың жағдайы, әсіресе жастардың атом саласына деген қызығушылығы мен үлесі бізге де тың тақырып болғаны рас. Ойымызды айна-қатесіз оқыған Ұлттық ядролық орталығы мықты мамандар шығарып шығарған алаң екенін бірден байқатты. Болашағын атом саласымен байланыстыратын жас түлектер қасиеттерінің ғылыми-техникалық және өндірістік базасындағы С.Аманжолов атындағы ШҚУ КеАҚ, Семей қаласының Шақарм атындағы университет КеАҚ және Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ КеАҚ сияқты өңірлік жоғары оқу орындарының бейінді кафедраларының филиалдарында білім ала алады.

– Арасында 7 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты және 17 PhD бар қасиеттерін ғалымдары «Техникалық физика» және «Физика» мамандықтары бойынша жоғары оқу орындары негізінде жұмыс істейтін диссертациялық кеңестерді басқарады. Студенттерге бірегей эксперименттік қондырғыларда тәжірибелі оқудан өтуге және өз жұмыстарын орындау үшін қасиеттерінің заманауи аспаптық-талдамалық базасын пайдалануға мүмкіндік бар. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында мұнда тәжірибенің 42 түрі ұйымдастырылды, жыл сайын тәжірибенің 100-ден астам түрі ұйымдастырылды.

Қазіргі уақытта ҚР ҰҰО қызметкерлерінің орташа жасы 42 жасты құрайды. Жастар қасиеттерін өміріне белсенді түрде қатысады, тұрақты негізде өзінің кәсіби деңгейін арттырады. Ол үшін бізде барлық жағдай жасалған. Қасиеттер қызметкерлері өндірістен қол үзбей ҚР және Р-9 жоғары оқу орындарының магистратурасында, докторантурасында және аспирантурасында білім алу арқылы өздерінің білім деңгейін және кәсібилігін арттырады. Бүгінгі таңда 16 адам магистратурада, 18 адам PhD докторантурасында және 19 адам аспирантурада оқиды, – дейді Э.Ғадилтеулы.

Айта кетейік, МАГАТЭ желісі бойынша Ұлттық ядролық орталық қызметкерлері Ресей, Жапония, Португалия, Беларусь, Чехия, Аустрия, Бразилия, Германия, Эстония, Швеция және т.б. жакын және алыс шетелдердің жетекші ғылыми орталықтары мен ұйымдарында тағылымдамадан және біліктілікті арттыру курстарынан өтуге мүмкіндік бар. Әсіресе қазір Ұлттық ядролық орталықтың Жапонияның Атом энергиясы жөніндегі агенттігімен (JAEA) атом энергиясын белгілі мақсатта пайдалану саласында кадрлар даярлау жөніндегі ынтымақтастық ойдағыдай дамып келеді. Аталған ынтымақтастық атом энергетикасын кеңінен дамытуда жоспарлан отырған Азия елдері үшін нұсқаушы-оқытушыларды даярлау бағдарламасының маңызызды буыны саналады. Мамандарды оқыту екі кезеңде ұйымдастырылған. Бағдарламаның бірінші кезеңінде ҚР ҰҰО мамандары JAEA Адам ресурстар дамыту орталығына жіберіледі, онда олар нұсқаушылар курсында оқиды. 2010 жылдан бастап оған 30-дан астам қазақстандық маман қатысқан. Оқытудан өткен нұсқаушы-оқытушылар жапондық сарапшыларымен бірлесіп Ұлттық ядролық орталық негізінде мамандарды оқытуды жүргізеді. 2012 жылдан бастап ҚР ҰҰО-да жыл сайын «Ядролық және радиологиялық апаттарға дайындық» және «Реакторлық технологиялар» курсы өткізіледі.

Жас ғалымдар мен мамандар жұмысының тиімділігін арттыру, кәсіби өсуіне жәрдемдесу және жас мамандар зерттеулерінің нәтижелерін тарату мақсатында 2001 жылдан бастап жыл сайын ҚР ҰҰО жас мамандарының ғылыми жұмыс конкурсы өткізіліп, оларды қызметке ынталандыру мақсатында «Бас директордың атаулы стипендиясы» және жарияланып-бірігіп белсенділігі үшін материалдық сыйақы тағайындау жолға қойылған. Мұндай белсенді қолдау жас ғалымдардың өз әлеуетін ойдайдай іске асыруға және өз жұмысының нәтижесін сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді дейді орталық мамандары.

СУ РЕСУРСТАРЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

ҚР Премьер-министрі Аскар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздегі каналдар мен су қоймаларын салу және реконструкциялау барысы қаралды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев суарма жерлердің ауданын 2025 жылға қарай 2,2 млн га дейін, ал 2030 жылға қарай 3 млн га дейін кеңейту бойынша нақты міндетті айқындады. Бүгінде халық пен экономика салалары үшін су алуын жалпы көлемі шамамен 25 текше км құрайды. Жыл өткен сайын қажеттіліктер арта бөретін болашақта бұл суы тиімді пайдалануды, ең жаңа технологияларды енгізуді, саланы цифрландыруды талап етеді. Тек автоматтандырылған бөлу мен тасымағдау есебінен судың артық жұмсалып жыл сайын 1,2 текше км-ге қысқарыады. Осы ретте, алдағы бес жылдық кезеңде ұзындығы 2,3 мың км болатын 120 каналды реконструкциялау мен жалпы көлемі 1,7 млрд текше м болатын 9 ірі су қоймасын салу жөнінде шаралар қабылданады. Сонымен қатар өңірлік деңгейде жайылмалық жерлерде гидротехникалық құрылыстарды, құдықтарды жаңғырту, жөндеу және оларға қызмет көрсету жүргізіледі.

Үкімет басшысы Экология, геология және табиғи ресурстар министрілігіне бір ай мерзімде 9 су қоймасы мен 120 каналды салу мен реконструкциялаудың, сондай-ақ оларды цифрландырудың Жол картасын әзірлеуді тапсырды. Аумақтық деңгейде министрлігіне Алматы, Түркістан және Қызылорда облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, суды көп қажет ететін дақылдар – күрші пен маңайдың егістік жерлерін кезек-кезеңімен азайту мәселесін пысықтау тапсырылды.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЛАСТАҒАНДАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті ҚР Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заң жобасының тұжырымдамасын әзірледі.

Енді жерді өнеркәсіптік, тұрмыстық немесе өзге де шығарындылармен немесе қалдықтармен, сол сияқты сақтау, пайдалану, тасымалдау немесе көмір кезінде пестицидтермен, улы химикаттармен, тұйықтұщтармен ластанса немесе бұл әрекеттер ірі экологиялық заңал келтіруге әкелсе және бұл заңның еңгізудің маңызы, адамның денсаулығына зиян келтіретін, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген.

Жер қойнауын өз бетінше пайдалану, сол сияқты пайдалы қазбаларды өз бетінше өндіру, өңірді ірі әрекеттер әлеулп заңал келтірсе, 3000 АЕК-ке дейін айыпұл не түзеу жұмыстары немесе 800 сағатқа дейінгі мерзімге қорамдық жұмыстарға тарту не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу шаралары қолданылады.



Ұсынылған түзетулердің толық мәтінін «Ашық НҚА» сайтынан көруге болады, онда ол 21 қазанға дейін жария талқылау үшін орналастырылған.

БОЛАШАҚҚА БАТЫЛ ҚАДАМ БАСҚАН БІЛІМ ОШАҒЫ



Көктем ЕРИМБЕТОВ, Ақмешіт колледжі директорының міндетін атқарушы:
– Оқу орнында бүгінде 35 мамандық бойынша 601 студент білім алууда.
2021 – 2022 оқу жылы еңбек нарығының сұранысына сай бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау мақсатында «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі», «Дене тәрбиесі және спорт», «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Ауыл шаруашылығын механикаландыру», «Есеп және аудит», «Агрономия» мамандықтарына студенттер қабылданды. Біздің басты мақсатымыз – сапалы білім беруді қамтамасыз ету. Ауыл жастары, аз қамтылған және көп балалы отбасының балаларына білім алуына ақылы негізде оқуға қабылданған студенттерге 30 пайыз көлемінде оқу ақысына жеңілдіктер беріледі.



Оқу орнын сапалы маман даярлау үшін қажетті материалдық техникалық базасын жаңартып, кабинеттер, зертханалық бөлмелер талпақ сай жасақтаған. Студенттердің сабаққа дайындалуына, дене тәрбиесі және шығармашылық жұмыстармен айналысуына барлық қажетті жағдайлар жасалған. Колледждің 3 оқу корпусы, 50 адамға арналған студенттік асханасы, спорт зал, 50 адамға арналған жатақхана, 200 орынға арналған акт залы, 100 орынға арналған мәжіліс залы, тарихи танымдық, этнографиялық музей және оқу-зертханалық кешені бар. Алғашқы медициналық көмек көрсету үшін медициналық пункт жұмыс істеп тұр.

Студенттердің сабақта өз бетінше дайындалуын және өзін-өзі оқуы тиімділігі үшін интернетке қосылған компьютерлік сыныптар жұмыс істейді.

Барлық оқу аудиториялары қажетті техникалық оқу құралдарымен, көрнекі құралдармен жабдықталған. Кітапхана «KazSoft» компаниясы қрастырған «КАБИС-2.1» бағдарламасымен жұмыс жүргізеді. Кітапханада абонемент, оқу залы, электронды оқу залы қызмет көрсетеді.

Бүгінгі білім берудің өтеп кезеңінің талабына сәйкес «Ақмешіт» колледжі де өзіндік алдына жаңа міндеттер қойып, оны неғұрлым үйлесімді шешуге ұмтылыс жасауда. Биылғы оқу жылынан бастап білім берудің кредиттік оқу жүйесіне көшкен. Кредиттік жүйемен оқытудың басты ерекшелігі – әлемдегі білім берудің ең ықпалды технологиялық тәжірибелерін қолданып отырып, елімізде қажетті мамандарды сапалы дайындап шығару. Мұнда бырыннан қолданылып жүрген оқытудың әдіс-тәсілдерімен

«Ақмешіт колледжі» – техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы бәсекеге қабілетті оқу орнының бірі. Білім ошағы 2004 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №353 бұйрығымен Қызылорда инженерлік-экономикалық институтының жанынан ашылды. Оқу орны еңбек нарығының талаптарына сәйкес аймақтың экономикасы мен әлеуметтік саласын дамытуға қатысады. Колледж өңірдің кәсіпорындарымен тығыз байланысып, колледждермен және мектептермен бірлесіп жұмыс істейді. Ақмешіт колледжі 2019 жылы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агентігінен (НААР) халықаралық институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өтті. Колледж өкімшілігі табандылығы мен нәтижелі жұмыстарды ұйымдастыруының арқасында аккредитациялау сараптау комиссия мүшелері колледжге оң баға берген. Білім ордасының бүгінгі тыныс тіршілігі туралы колледжі директорының міндетін атқарушы Көктем Ақарысұлы тарқатты.

қатар, жаңа идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік бар.
Тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстар қазіргі заман талабына сай, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңірген, білімі



мен шығармашылық әлеуетін ел дамуына жұмысайтын сапалы мамандар даярлауға бағытталған.
Студенттердің әлеуметтік белсенділігін дамыту және қолдау мақсатында облыстық «Жастар ресурстық орталығы», «Жас Отан» жастар қанатымен бірге түрлі іс-шаралар өтеді. Республикалық «Қазақстан Еріктерінің Лигасы» жастар ұйымының аймақтық орталығы атайымыз оқу орнында орналасқан.

Білім ошағында «Ақмешіт тайм» бағдарламасы қалың оқырманға қол тартқан. Оқу орнының қабырғасында түсірілетін бағдарламаға әр сала майталмандары, колледж түлектері, үздік оқышылар келіп, өзекті мәселелерді ортаға салады. Кәсіби бағдар беру жұмыстары аясында «Достық керуені», «Көбесті», «Жанашылым» сынды тың дүниелер мектеп оқышыларымен бірлесіп атқарылады. Биылғы оқу жылында оқу орнының табалдырығын аттаған 1 курс студенттеріне «Welcome balmizdary» атты жаңа бағытта қабылдау кеші ұйымдастырылып, қатысушыларға бағамдауақтар мен лоторея сыйлықтары ұсынылды.

Білімді де, белсенді студентке артылар сенім сол. Сондықтан колледжі оқытушылары студенттердің қызығушылығын арттырып, белсенділер қатарын толықтыру мақсатында білім, интеллектуалды сайыстар, өнер көштері өткізіп, спорттық турнирлерді дәстүрлі түрде өткізеді. Студенттерден құралған колледж командасы қалалық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жоғары табыстарға қол жеткізіп жүр. Бір қуанарлығы, оқу үздіктері мен колледждің қоғамдық өміріне белсене араласқан үлгілі студенттер мемлекеттік мерекелерге орай ақшалай сыйақымен көтермеленіп отырады екен.

Ынталандырудан соң жастардың жетістіктері де жоқ емес. Өткен жылы Қызылорда облыстық Жастар ресурстық орталығы Тәуелсіздігі күніне орай өткізген «Интеллектуалды Ұлт» брейрингінде Ақмешіт командасы ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. ІІ Обдіктеріміз атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінде «Техникалық және кәсіптік білім беру» ұйымдарының студенттері арасында өткен «Мамандығым – мақтауымсыз» атты қалалық сайыста оқытушы жетекшілігімен ОП-180 оқу тобының студенті Айдос Қасымбек күнделі І-орынды иеленді. Мұнан бөлек, «Болашақ» университетінің жоғары

колледжінің «Педагогикалық мамандықтар пәндері» бірлестігінің апталығы аясында ұйымдастырылған «Ыбырай-қазы халықтың сөнбес шырағы» атты онлайн байқауының жеңімпазы НО -200 оқу тобының студенті Айсенім Махмұталиева жеңімпаз атанды.

Бос уақытын спорттық үйірмелерде өткізетін жастар осы жылдың 14-17 қыркүйек аралығында өткен самбо күресінен жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша Физ-210 оқу тобының студенті Нұржан Тұмырзаев І және Мақсат Елеусинов жеңіске жетті. Қарашаның аясында өткізілген ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әділбек Серікбаевты еске алуға арналған самбодан жасөспірімдер арасындағы облыстық турнирде Мақсат Елеусинов І орынды иеленді.

Ұлжанай ИБАДУЛЛА, «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының І курс студенті:

– «Ақмешіт» колледжінің жұмысын әлеуметтік желілердегі белсенділігімен бағмын. 10 сыныптан бастап үйдегі ата-анамызбен мамандық таңдау, оқу орнын таңдау



жөнінде ақылдастым. Мен Жаңақорған ауданы, Қаратөбе ауылында тұрамын. Сондықтан жатақханаға бар оқу орнында ескердім. Бүгінде күнделікті сабақтар, куратор, жаңа орта, жаңа достар, жаңа мекен барлығы қатты ұнады. Мемлекеттік тапсырыс аясында грант негізде білім алудамын. Өзімнің дұрыс таңдау жасағанымға қуаныштымын. Небәрі 1 айға жуық уақыт ішінде бірнеше керек нәрселерді үйрендім. Оқу орны студенттерге жайлы. Білім аламын, өз-өзімді дамытамын деген жасқа бері бар. Оқуды ойлағандай бітіріп, жақсы маман иесі болуды армандаймын.

Рәсіммен «Ақмешіт» колледжі танымалдылығын арттырып келеді. Оқу орнының мәртебесін қысқа уақытта осылайша орынқтырып, таныту, мойындату – оңай шаруа емес. Ол – ұқым мүшелерінің бекем бірлігінің, қақыр-қайратының, терең іденістерінің, тәкем терінің, өз ісіне деген жауапкершілігі мен адалдығының жемісі. Университеттің білім беру қызметін заман талабына сай өркендету бағытында талай асылдарды бағындырдық, алдағы белестеріміз де ауқымды. Алғашқы қадамын нық басқан білім ошағының болашағы банды, келешек кемел болатынына сенімдіміз!

Гүлбану МАҚАЖАН



ҚАЛДЫРҒАН ІЗІН МӘНГІЛІК...

Қай замандай алсақта ұстаздар қауымын өреше қастерлеген халқыңыз. Көргенді ұрпақ алыстан ат арытып, арбалатып келгенде әрбір ісін алдымен ұстазына, тәлім берген данасына сәлем беруден бастаған, мұның өзі біле білген жанға, жеткіншек ұрпаққа үлгі ене-ге. «Құста-дара тұлға қоғамның айнасы» – деуіміздің өзі де содан болса керек. Талай шәкіртке тәлім-тәрбие беріп, қанат қақтырмаған мәртебелі мұғалім – Назым Жұманова еді.

Назым ұстаз 1974 жылы Қызылорда қаласындағы М. Мәметова атындағы педагогикалық училищесін бітірген. Еңбек жолын Бірлестік ауылындағы №142 орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып бастаған.

Талапшыл ұстаз жарты ғасырға жуық бір мектепте табан аудармай еңбек етті. Әр жылдары аудандық, облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталып, белсенді қызмет еткен. Назым ұстаздың ерекшелігі барлық ауыл балаларына өз баласындай қарайтын. Әрбір баламен жеке жұмыс істеп, қабілетін оятуға атсалысып, баланың талантын тани білетін көрген жан. Өз саласында оқ бойы озық болып, білім беру сайында аудан чемпионы, оқу ісінің озығы атанған. Қарапайым мұғалімнен «Аға мұғалім» мәртебесіне көтерілген ауылы жан, өз әріптестерінен іденімпаздығымен әрқашан бала болды. Ұлағатты ұстаз мың сан ауыл баласына әріп үйретіп, білімнің негізін қалады. Әріптестер арасында сый-қымретке бөленіп, шәкірт жүрегінен айрықша орын алды. Осылайша зырып өткен уақытта Назым Жұманазарқызы – Қазақ ССР Оқу министрлігі «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» тес белгісінің иегері атанды.

Біліктілігі мен, көргені, түйгені мол ұстаз-дан жас мамандардың үйренері көп болды. Ардақты мұғалімнің «Топпен жұмыс», «Оқу-шығармен жеке жұмыс», «Ауызбен елдің баласы» атты «Бастауыш мұғалімі» журналына жарияланған мақалалары да айтылған әдістерді жас мамандар әлі күнге дейін қолданады. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта өсіру Назым Жұманазарқызының өрен еңбек жолы. Қызымет пен отбасын қатар алып, төрт баланы өсіріп жеткізген ауылы аңаның келіні болу бақыты маған бұйырған екен. Ұстаз-Анадан мол тағлым алдым. Назым Жұманазарқызының қалдырған ізін мәңгілік, жанында тұраң жаңғырып...

Бағила ЖАНАХАТЫЗЫ,
Шіелі ауданы,
Бірлестік ауылы

ҰСТАЗЫМ – ҰЛАҒАТЫМ

Ұстаз! Әр адамның жүрегіне өреше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзгермес ұғым. Жас ұрпақты, жалпы адамды ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтін, білім беретін жан. Осы ортада ұстаз жалпы халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлының «Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккер егішшіді де, көншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген сөзі олардың бар болмысын ашып тұрғандай.



Еңдеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатысыпай қабылдайтын, шәкірттің жанына нұр құйып, өмірде өзі де бақыты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да белгі.

Мен №98 орта мектебін түлгей, «Алтын белгі» иегері, қазіргі уақытта өз ауылымда ағылшын тілі пәнінің мұғалімімін. Осынау ұлы мамандық иегері атану мен үшін үлкен мақтаншым, жауапкершілік. Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: «Жай мұғалім халбарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді. Керемет мұғалім көрсетеді. Ұлы мұғалім шабыттандырады» дейді. Менің осындай ұлы мамандықты таңдауыма себепкер болған, мектепте дәріс берген ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ардайым Сұлтанбекова. Өз мамандығында оқуды қиындыққа шығаруды, жан-тәнімен нәтижеге ұмтылуды осы кісіден үйрендім. Ол кісінің жетістіктерін көріп менде алайымдай болсам деуім өстім.

Оның оқышылары үздіксіз «Вритиш Булдог», «Кенгур», «Angliu» Халықаралық олимпиадасынан І, ІІ дәрежелі дипломдармен марапатталды. ҚҰО олимпиадасынан Республикалық ІІІ дәрежелі дипломмен иеленді, сол сайыстың облыстық кезеңінде І орын алды. «Ең білімді педагог-2020» ІV Республикалық пан олимпиадасынан ІІ дәрежелі дипломмен иеленді. Сондай-ақ «USTUDY» Республикалық пан олимпиадасынан І дәрежелі диплом және Алғыс хат алып, «Angliu» Халықаралық пан олимпиадасының Алғыс хатымен марапатталды.

Бұл Ардай алайымның жетістіктерінің кішіпейт халға белгі, өз мамандығын сүю деген осы болар, шіркін! Көптеген халықаралық, республикалық сайыстардан құттықтау қағаздарын иеленіп, оқышыларын да осынау үлкен дәрежедегі сайыстардың шыңын бағындыруға себепкер болып жүрген жан.

Елбасымыз айтқандай, «біз білім-ғылым саласында бәсекеге қабілетті болмасaq, өз мақсатымызға жете алмаймыз. Барлығы мектептен, ал Қазақстан үшін ауыл мектебінен басталады». Мұғалім – барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны және жүрегі. Жанын, жүрегің беріп, мұғалім мамандығының кереметтілігін, ұлылығын ұрандыра білген жан. Шынында да, мұғалім болғысы келетін адам өзінің мінезінде қанша рухани қасиеттерді біртүрлі керек: беріктік, шежірі, шыдамдылық, қатаңдық пен жұмсақтық, сенім және бәрне үлгі бола білу. Осы қасиеттердің барлығын мен Ардай мұғалімім бойынан көре алдым. Ең бастысы – махаббат, өмірге, оқу процесіне, балаларға деген сүйіспеншілік.

Жақсы мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі. Мұғалім болу – жай ғана мамандық емес, күнделікті өмір салты, күн сайын сабаққа асығу, күндіз, кешке, түнде мектепті ұйғату, тіпті демалыс кезінде де. Міне, осындай ұлағатты жаныңң шірері болу, осы мамандықтың бөлу мен үшін мақтанышы.

Жетер жетістігіміздің алда екеніне сенім білдіріп, арқашан қолдап, биікке самғауға баулитын ұстазымыз мың алғыс білдіріміз келеді.

Мұғалім – үлкен, таза, мейірімді жүрегі бар тұлға. Бізге өміріміз бір бөлігін беріп, бізді әрдайым тыңдауға және көмекке келуге дайын адам. Мұғалім – әр оқушының тағдырында таптырмайтын адам. Есінде болсын, мұғалімсіз бұл әлем әлдеқашан нашар болады, өйткені адамзатқа одан әрі дамуға үміт беретін солар.

Фариза ЖӘМЕТ,
Қазалы ауданы,
Майдакөл ауылы

ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ ЖАЛАҚЫДАН АЙЫРЫЛДЫ, ПӘТЕРДЕН ҚУЫЛДЫ

Қазақстандық БАҚ беттерінде спорт саласындағы бірнеше былықтың беті ашылуда. Алғашында қыздар боксы сынның астында қалса, одан кейін дзюдо мен ауыр атлетикадағы жағымсыз ақпаратқа қанық болдық. Енді бұл қатарға байдарка мен каноэ спорты қосылды.

2018 жылы Аргентинада өткен жастар Олимпиадасында қазақ спортының қоржынына тарихи медаль түсті. 16 жастағы Диас Бахрадин байдарка және каноэдан Олимп шыңын бағындырып, кенже қалған спортқа жан бітірді. Олжалы оралған оғанға Қызылорда облысының сол кездегі әкімі, бүгінгі Мемлекеттік хатшы Қырымбек Кешербаев үш бөлмелі пәтердің кілтін сыйға тартады. Сонымен қатар облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы Диастың өрен еңбегін бағалап, 140 мың теңге көлемінде жалақы тағайындайды. Алайда бірнеше ай өткен соң Диастың спорттағы жағдайы құбыла бастады. Бапкердің қателігінен кейін жаттығудан шеттетілді, жарыстарға жіберілмеді. Арда бірер жыл өте салысымен Диас берілген пәтерден, артында тағайындалған жалақыдан айрылды. Спорттағы сүреңсіз саясаттың құрбаны болған Диас Бахрадин редакцияға келіп, мән-жайды егжей-тегжейлі жеткізді.



**ШОШКА ЕТІН ЖЕУГЕ
ДӘРПІТЕЙТІН**
2018 жылы Олимпиададан олжалы оралғаннан соң тәубеме келіп, Әбу ханифа мәзһабын ұстанып, 5 уақыт намазға жығылдым. Намазды оқыған сәттен бастап, жеке бапкерім Диана Хазиевамен қарым-қатынасымыз нашарлай бастады. Намаз оқығанын үшін жаттығудан шеттетті. Өйткені жаттықтырушылар жарыс алдында шошқа етін ұсынатын. Әрдайым спортшыларға салы беретін. Еуропалық жарысқа бара қалсақ, асхана тауық және шошқа етін тағамдар әзірлейді. Бапкерлер калориясы аз деп тауық етін жеуге

руқсат бермейтін. Мұндай иеленісідіктерге жол бермедім. Сондықтан жеке жаттықтырушым спортты немесе намазды таңда деп шектеу қойды. Екеуінде қатар алып жүруге руқсат бермеді. Намаз – спорттық мансабыма кері әсерін тигізбейді деп ойлаймын.

**БАРЛЫҚ СИЯПАТТАН
АЙЫРЫЛДЫМ**
2020 жылы мен үшін оңай соқпады. Бапкерлерім жаттығу мен жарыстардан айырды. Бұл бір Алпаның сынағы шығар деп жүрдім. Содан жылдың басында тағайындалған жалақы тоқтатылды. Бірер ай өткеннен кейін сыйға тартқан

үйді босатуға тура келді. Негізінде әрежеге сәйкес үйді үш жағдайда босатады. Біріншісі, допинг дауына іліксе, екіншісі, облыстан басқа өңірге көшсе, үшіншісі басқа елге қоныс аударса. Бұл жағдайлар менің мансабымда бұзылмады. Сауір айынан бастап спорт басқармасына қарасты Жалаңтөс Баһадүр атындағы Олимпиадалық резерв колледжінен оқудан босатты. Осылайша Олимпиада алтынғы көк тыныға татымады. Шыны керек, әкем өмірден өткеннен кейін үйдің тірегіне айналдым. Мен үйдің асыраушысымын. Бұл қиындықтар да артта қалады. Бастысы, жігеріме құм құйылма

деймін. Спорттағы осындай пас дүниелер кейде қынжылтады.

КӨПТЕГЕН ЕЛДЕН ҰСЫНЫС ТҮСУДЕ

Спорттық мансабымда қысым болғандықтан жан-жағыма қарайла бастадым. Елмендегі дамушы елдерде байдарка және каноэ спортының дамуы қарқынды емес. Халықаралық жарыстарда жүлде салып жүрген соң танымалдылыққа ие бола бастадық. Жағдай ұшыға бастағаннан кейін өзге елдерден ұсыныс түсті. Нақты айтсам, Түркия, Қырғызстан, Араб әмірлігі секілді мемлекеттер азаматтығын беріп, жағдайымды жасауға ниет білдіріп отыр.

Егерде жағдай осы қарқынмен өрбітін болса, отбасыммен бірге қоныс аударуға шешім қабылдауға ниеттімін. Бұдан басқа амалым жоқ. Күнкеріс үшін кісі еліне кетуге тура келеді.

Өмір деген үлкен мектеп екен, жас болсам да өзіндік көзқарасым бар, бар мен жоқты ажыратып, әділдік пен әділсіздікті айырмасын айқындай аламын. Мен ешкімге де реніш айтпаймын, бірақ кеудемде өртенген өкініш ұмытылмайды. Мандайдан сорапалған терім, спорттағы нәтиже мен, қазақ еліне бақ әкелді, енді сол бақ өзіме сор болып тұр. Қайран қазағым, мен сондай халге түстім.

ДЗЮДО: ИТАЛИЯДА КІМДЕР БАҚ СЫНАЙДЫ?



6-10 желтоқсан аралығында Италияның Сардиния аралында орналасқан Ольбия қаласында дзюдодан жастар арасындағы әлем чемпионатының жалауы желбірейді.

Қазақстан құрамасының аға жаттықтырушысы Азамат Мұқанов айтулы жарыста Шерзод Давлатов (60 кило), Мерей Марханбетов (60 кило), Әділ Марлен (66 кило), Нұрсұлтан Зайзағалиев (66 кило), Данияр Шамшаев (73 кило), Естай Серікболсын (73 кило), Аян Байғазы (81 кило), Ермахан Әнуарбеков (90 кило), Бекарыс Садуақас (100 кило) және Аслан Мұхамеджанов (+100 кило) сынды шикірттеріне сенім артып отыр.

Осы балуандар арасында ең танымалы ауыр салмақта күресіп жүрген 20 жастағы Бекарыс Садуақас. Ол Алматы облысы Кербұлақ ауданының тумасы, қадеттер арасында Азияның екі дүркін чемпионы, Азия мен Еуропа кубогы жолындағы жарыстарда бірнеше рет топ жарды. 2018 жылы Буэнос-Айресте алауы тұтқан жасөспірімдердің Дүниежүзілік Олимпиадасының жеңімпазы. Жастар арасында да талай дүбірлі додаларда топ жарды. Міне, дәл осы сайыпқыранға Аленнин түбегінде өтетін жарыста үлкен үміт артылып отыр.

КӨРЕРМЕНСІЗ ӨТЕДІ



Бейжің қысқы Олимпиадасының билеттерін Қытайдағы жанкүйерлер ғана ала алады. Бұл туралы Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) хабарлады.

Қысқы Олимпиада ойындарын залдан көргісі келетін көрермендер коронавируспен қарсы хаттама талаптарын орындауға тиіс. Билет сатылымының ережелері әзірленіп жатыр, кейінірек көпшілікке жарияланады.

Коронавируспен қарсы вакцинацияның толық қурын аяқтанған барлық спортшы мен қатысушы Қытайға келгеннен кейін жабық цикл жүйесінде болады.

Вакцина салдырмаған спортшылар ҚХР астанасына келгеннен кейін 21 күн қарштында болуы керек. Ал екіке алмауға медициналық себептері бар спортшылар бөлек қаралады.

Спортшылар мен оларды ертіп жүретін делегациядан басқа барлық қатысушы ұйымдастырушылар белгіленген қонақүйге орналастырылады. Ойынға қатысушылар мен қызметкерлер күн сайын ПТР-тест тапсырады. Бейжіңдегі Қысқы Олимпиада ойындары 2022 жылдың 4-20 ақпанында, ал қысқы Паралимпиада 4-13 наурыз аралығында өтеді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРҒА ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу жағдайларын бекіту, олардың мөлшерін белгілеу туралы қаулы жобасын әзірледі.



«Көрсетілген қаулыға 1-қосымшамен бекітілген Спортпен жан-жақты жаттықтырушылар өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу мөлшерінің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыру (бұдан әрі – материалдық қамсыздандыру) мынадай мөлшерде (бұдан әрі – мөлшер) төленеді:

Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлері және (немесе) спорттың олимпиадалық түрлері бойынша әлем чемпиондары атақтарын жеңіп алған спортшыларға – 100 айлық есептік көрсеткіш;

Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары және жүлдегерлері, және (немесе) спорттың олимпиадалық түрлері

бойынша әлем чемпиондары атақтарын жеңіп алған спортшыларды дайындаған жаттықтырушыларға – 100 айлық есептік көрсеткіш» (Бұл 2021 жылы 291 700 теңгені құрайды).

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі», деп жазылған жобадан.

Қазіргі уақытта спортшылар мен жаттықтырушыларға ай сайынғы материалдық қолдау үшін берілетін төлемдер 101 898 мың теңгені құрайды.

Жоба негіздемесінде «Жоғары спорттық нәтижеге жету үшін әлемдік тәжірибені ескере отырып, спортшы, жаттықтырушы мәртебесін көтеріп, материалдық қолдау көрсетуі қажет. Мысалы, Ресейде спортшылар мен жаттықтырушыларға әлеуметтік қолдау айына 60 000 рубль мөлшерінде белгіленген, бұл шамамен 352 000 теңге», деп жазылған.

ЖӘНІБЕК ҚАРАШАДА ЖҮДЫРЫҚТАСАДЫ

Орта салмақта күш сынасып жүрген қазақтың танымал кәсіпқой боксшысы Жәнібек Өлімханұлы өзінің келесі көздесуін 5 қарашада АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында 37 жастағы Францияның өкілі Хассан Н'Дам Н'Жикаммен өткізеді.



Хассан 1984 жылдың 18 ақпанында Камерунның астанасы – Яундеде дүниеге келген. Әуелі әуесқойлар арасында өнер көрсетіп, 2003 жылы Африка чемпионы атанып, Африка ойындарында күміс медаль иеленген. 2004 жылы Афина Олимпиадасының ширек финалына дейін жетті. Бұл межеде ол ресейлік Гайдарбек Гайдарбековке есе жіберді. Ежелгі Эллада еліненді ұлы дүрмек аяқталған соң Н'Жикам көсіпқойлар арасында бақ сынауға бел буған. Өзінің көзденген мақсатына қол жеткізу үшін Францияға қоныс аударып, сол елдің азаматтығын алады.

Хассан Н'Дам Н'Жикамның кәсіпқой рингте жудырықсыз жүргеніне 16 жылға жуықтады. Сол уақыт аралығында ол 42 жеке-жеке өткізіп, 37-сінде жеңіске жетті. 21 қарсыласын нокаутқа жіберді. Айтулы боксшы көзінде Атлантид Хуршидзе, Макс Бурсак, Питер Куиллин, Альфонсо Бланко, Рето Мурата, Мартин Муррей және тағы басқа саңлақтарды сан соқтырды. 2012 жылы Хассан WBO және 2017 жылы WBA нұсқалары бойынша әлем чемпионы атанды. Тағы басқа белді тұжырымдардың алтын белбеуін иеленді. Өзінің спорттық карьерасында француз жігіті

тек Питер Куиллин (2012 жылы, төрешілер шешімімен), Давид Лемье (2015, төрешілер шешімімен), Рето Мурата (2017, 7 раундта бәсекені жалғастырудан бас тартты), Каилум Сисса (2019, 3 раундта нокаут) және Федор Чудиновқа (2019, төрешілер шешімімен) ғана есе жіберген.

Кәсіпқойлардың Олимпиадаға қатысуына рұқсат берілгеннен кейін Н'Жикам 2016 жылы Рио-де-Жанейродағы жарыста бәке көрсетті. Бірақ ол алысқа шаппады. Камерун құрамасының сапында 81 кг салмақ дәрежесінде сайысқа түскен Хассан бразилиялық Мишель ди Соуза Боржиске жол берді.

Франция өкілінің атақ-даңқы зор болғанымен, қазіргі кезде ол бұрынғыдай бабында емес. Соңғы екі бәсекесінде Н'Жикамның жеңіліс табуы осы сөзіміздің айқын дәлелі. Оның үстіне, ол екі жылдан бері шаршы алаңын шыққа жоқ. Яғни Жәнібек Өлімханұлына бұрынғы чемпионға қарсы болса да, жеке-жеке шығу тиімді. Қанша дегенмен Хассанның аты бар. Бірақ шыны керек, шау тартып қалған боксшы қазақты жалындап тұрған жігітін жеңе алады дегенге сену қиын.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Азат Бисенбекұлы ӘБДІРАЗАҚОВ,
Қызылорда облысының
мамандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының бас маман-сот
отырысының хатшысы:

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘҢІРДІҢ ТАРТУЫ

Тәуелсіздік – ата-бабамыздың сан ғасырлық арманының, сол арманға жету үшін аянбай өткен еңбегінің нәтижесі. Соның арқасында біз әлем халықтарының алдында «мен Тәуелсіз елдің ұланымын» деп мақтана айта аламыз. Себебі, кешегі өткен тарихымыз бен салт-дәстүрімізді, тіліміз бен ділімізді, ұлттық болмысымызды қайта тапқан еліміз.

Осы күнді аңсаған қаншама оғландырымыздың егемендік жолындағы әрбір күресі біздің жадымызда жаңғырып тұруы тиіс. Осындай қиындықпен келген азаттығымыздың әр сәтін бағалауымыз керек. Қолымыздан келгенше елімізге шынайы әрі ықыласпен қызмет етсек, жеріміздің әр тасын алтыннан да артық бағаласақ, атақұрты мекендеген әрбір адамға және рәміздерімізге құрметпен қарасақ тәуелсіздігімізге дақ түспейтіні сөзсіз. Осыларды жүрегімізге сіңіре білгенде ғана өз еліміздің шынайы патриоттары боламыз.

Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан тарихында біз ұялатындай ештеңе жоқ» - дегендей қазақ ежелден еркін ел, сайын даланы көкбөріше жортып өткен асау, кім-көрінгенге бас имеген ержүрек халық. Алайда, алмағайып заманда аңдамдай ат үстінен аударылып түсіп, бодандықтың қамытын кигені де жасырын емес.

Еңрелі еліміздің Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерейлі мерекесіне орай, кеше кеткен қателікті қайталамай, отанымыздың әр



азаматы бірлікте, татулықта, ынтымақ пен сыйластықта өмір сүрсе екен деп тілеймін. Сонда ғана біз армандаған «Менілік ел» атанатынымыз хақ.

Digital art немесе Цифрлық өнер

Digital art – әр түрлі
графикалық редакторлар
мен басқа компьютерлік
бағдарламаларды
қолданыла отырып жасалған
суретшілердің туындыларын
атайды.



Цифрлық өнер – жалпы өнерге деген жаңа көзқарас. Компьютерлік технологиялардың көмегімен суретшілер цифрлық туындылар жасайды. Цифрлық өнер жалпы қабылданған өнер тұжырымдамасынан ерекшеленді – әдетте суретші туындылары электронды түрде сақталады. Дәстүрлі суретші құралдарының орнына компьютерлік имитациясын қолдану арқылы кез келген цифрлық модельдерді құруға болады.

Digital art түрлері өте көп. Солардың бірі – Digital Painting. 3D Art деп аталатын бағыт түрі бар, яғни графикалық редакторлар мен бағдарламалар көмегімен үш өлшемді виртуалды кеңістік жасалатын суреттер туралы айтуға болады. Мысалы, мен салған әнші Димаш Құдайберген, әнші Али Оқапов, әнші Азамат Ашмақын (ACE Ninety One)



суреттері Hyper Realistic 3D Digital Paintings бағытында салынған.

София Темірболат,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің
ВТРО студенті

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫ КҮТЕМІЗ!

Темірбек Жүргенов атындағы облыстық жас ғалымдар байқауы



Қызылорда облыстық «Ақмешіт жастары» газеті Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай жас ғалымдар арасында Темірбек Жүргенов атындағы сыйлық үшін «Ғылым жолында» атты байқау жариялайды.

Жалпы ережелер

Байқаудың мақсаты мен міндеті:
– Жас ғалымдарды ынталандыру, шығармашыл жастарды насихаттау;

Байқаудың талаптары:

- Байқауға 18-35 жас аралығындағы жас ғалымдар қатыса алады.
- Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.
- Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі, мерзімі:
- Байқауға қатысушы үміткер өзі туралы қысқаша мәліметті және еркін тақырыпта жазылған ғылыми мақаласын aqmeshit.jastary@gmail.com поштасына жолдауы қажет немесе төменде көрсетілген редакция мекен-жайына қалдыруына болады. Байқау материалдарын қабылдау 1 қарашаға дейін жалғасады.
- Ғалымдардың жұмысын бағалау және жеңімпазды анықтау үшін кеңес құрылады.

Редакцияның мекен-жайы:

120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
Байланыс телефондары: 8 (7242) 40-11-10

JULDYZ - JORAMAL

(7 – 13 қазан)



Тоқты
Жаңа іспен айналысқан жөн. Күнделікті шаруа сізді шаршатады. Өз қызығушылығыңызды тауып, сол істі қолға алыңыз. Өзіңізге қажет ілімді тез ұғып, оны өз пайдаңызға жаратасыз.



Таразы
Жаңа таныстарыңыздың бірі сіздің кеңпейілділігіңізді өз қызығушылығына немесе өз пайдасына жаратқысы келеді! Сондықтан сақ болыңыз. Ешкімнің арбауына түсіп қалмаңыз.



Торпақ
Маңызды шаруаларды атқаруға және жаңа бастамаларды қолға алуға қолайлы сәт. Ештеңені назарыңыздан тыс қалдырғыңыз келмейді. Айналыңыздағылар сізден үлгі алады.



Сарышаан
Әр қадамыңызды ойлап басыңыз. Шешімді өзгелердің тәжірибесіне сүйеніп қабылдауға болмайды. Өзінің нақты жоспары бар адамға аптада сәттілік серік болады.



Еріз
Тай қопарардай күшіңіз бар. Өзгелерге де көмек көрсеткіңіз келеді. Бірақ сізден ешкім көмек сұрамайды. Сізді және жақындарыңызды уайымға салып жүрген мәселе өз шешімін табады.



Мерген
Апта басында күндеріңіз жақсы өтеді. Уақытыңызды тиімді пайдаланасыз. Әр минутыңыз өз пайдасын әкелетін болады! Сондай-ақ қарсыластарыңызды шаң қалтырасыз.



Шаан
Аптада атқаратын жұмыс көп, сондықтан күн тәртібі өте тығыз болады. Біраз уақыттан бері көздеп жүрген мақсатыңызға жету үшін құр қол отыруға болмайтынын жақсы білесіз.



Тауешкі
Ештеңеге апандаудың қажеті жоқ. Өмірге риза болып, шын қуана біліңіз. Бұрын-соңды ешкім байқамаған талантыңыз ашылып, жұртты таңқалдырасыз.



Арыстан
Маңызды шаруаларды кейінге қалдырмаңыз. Оларды қаншалықты ерте қолға алсаңыз, соншалықты тез орындалыс. Жаңа жобаларды қолға аласыз. Өзіңізге қажетті дүниені тез үйренесіз.



Сұққуыш
Сәтті апта болмақ. Жағымды тосынсыйлар күтіңіз. Барлығы сіз ойлағандай қиын емес, көрініске әлдеқайда оңай. Ол үшін өзгелерден көмек сұраңыз, олардың тәжірибесін пайдаланып көріңіз.



Бикеш
Өзіңізге қажетті ақпаратқа ғана назар аударыңыз. Ешкімге ашуланудың қажеті жоқ. Әсіресе жаныңыздағы жандарға бола ашу шақырмаңыз. Барлығымен жақсы қарым-қатынаста болу тек өзіңізге байланысты болмақ.



Балық
Көп адаммен кездесесіз. Бұл іскерлік кездесу болуы да мүмкін. Не болмаса жиналысқа қатысасыз. Ондағы адамдармен тез тіл табысып, алдағы жоспарыңызбен бөлісесіз.

Кезекші редактор: Е.ШӘРІБЕК

АКМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 1463